# SARYARQA

19 maýsym 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№22 (8186)



AINA
ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫСҚА – ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ
2-бет

DENSAÝLYQ
«МАМАНДЫҒЫН МАҚТАН ЕТЕДІ»
3-бет

QOĠAM
ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР
4-бет

JANAZYQ
ҚҰНАНБАЙДЫҢ ПОРТРЕТІ
5-бет


21 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

## ЖАҢА ЛЕП ӘКЕЛГЕН

*жас мамандар – Жеқазған медицинасының мақтанышы*



**Тарихы 1989 жылдан басталатын Жезқазған аймақтық көпбейінді ауруханасында бүгінде 85 дәрігер мен 317 орта буын медициналық қызметкері бар. Денсаулық күзетіндегі ақ халаттылардың қатары жыл сайын артып келеді.**

2019 жылы Қарағанды медициналық университетін травматолог, терапевт, акушер-гинеколог пен педиатр мамандығы бойынша тәмамдаған 4 жас маман және 14 медбибі жұмысқа қабылданған. Жас дәрігерлерге 500 және 250 мың теңге көлемінде көтермеақы беріліп, баспанамен қамтамасыз етілді. Биыл Алматыдағы қазақ медициналық институтының тағы төрт түлегі көпбейінді ауруханаға жұмысқа алынбақ. Олар – неонатолог, акушер-гинеколог пен сәулелі диагностиканың дәрігері.

Сонымен қатар, Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасы 17 интернді өз қаржысы есебінен оқытып жатқан жайы бар. Болашақ мамандардың таңдағаны – гинекология, офтольмология мен нейрохирургия, кардиология мен анестезиология мамандықтары.

►►*3-бетте*

## Құрметті медицина саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

*Сіздерді кәсіби мереке – медицина қызметкері күнімен шын жүректен құттықтаймыз.*

*Денсаулық сақтау ең маңызды әлеуметтік сала болғандықтан, біздің өңірдің салауатты болашағы бірінші кезекте оның дамуымен тікелей байланысты.*

*Сіздер өздеріңізді игі іске, яғни адамдарға денсаулық пен өмір сыйлауға арнадыңыздар. Медицина саласы қызметкерлерінің бойында бар шынайылық, өзгенің өміріне бей-жай қарамау, қайырымдылық пен адал қызмет ету сынды құнды қасиеттер көп жағдайда сөнген үміттерді тұтатуға себепші. Сондықтан, біз тезірек сауығып, психологиялық көмек қажет кезде Сіздерге зор сенім артамыз.*

*Бүгінгі таңда Сіздер коронавирустық инфекция пандемиясымен күрестің алдыңғы шебінде тұрсыздар. Осы жағдайға байланысты медициналық мекеме қызметкерлеріне жүктелген міндет еселеп артып отыр. Қауырт режимде еңбек етіп жатқандарыңызға қарамастан Сіздер аурудың өршуі мен дамуына жол бермей, бар күш-жігерлеріңізді Жезқазған қаласының денсаулық сақтау саласын қолдауға және өзге де аурулармен күресуге жұмылдырдыңыздар.*

*Біреуге өмірде тірек болып, үміт сыйлау оңай емес. Сондықтан, осынау айтулы күні баршаңызға жанкешті еңбек пен қаланың денсаулық сақтау саласындағы жетістіктеріңіз, тұрғындарға деген мейірім мен көңілдеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін.*

*Төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, Сіздерге мықты денсаулық, отбасылық бақыт, сарқылмас қуат және халыққа адал қызмет етудің қиын да жауапты ісінде табыс тілейміз. Емделушілердің жылы лебіздері мен езуіндегі сау күлкісін қиын еңбектеріңіздің марапаты деп қабыл алғайсыздар!*

***Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ***
***Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ***

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

## «ПАНДЕМИЯ ҚИЫНДЫҚТАРЫ ШИРАТА ТҮСТІ»

**Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елімізде мемлекеттік қызметтің әлемдік стандарттарға сай жүйесін қалыптастыру кезең-кезеңімен іске асып келеді. Сонымен бірге мемлекеттік қызметкерлердің беделі мен мәртебесін қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қабылдануда. Бұл жөнінде мемлекеттік қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауды мақсат тұтқан «Қызмет» мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Жезқазған аймақтық филиалы төрайымы Раушан ҚОЖАБАЕВА кеңінен әңгімелеп берді.**

**– Раушан Құрмашқызы, кәсіподақ жұмысы Сізге таңсық болмағанмен, мүлде жаңа салаға жыл басында келгеніңізді білеміз. Бүгінде үйренсіп те кеткен боларсыз. Ендеше, кәсіподақтың мақсаты мен міндетіне, сондай-ақ, осы уақыт ішінде атқарған шаруаларыңызға тоқталып өтсеңіз.**

– Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстандық кәсіподақтар – тұрақтылық тірегі, әлеуметтік-еңбек қатынастарының базалық элементі» деп баға берсе, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазіргі заманғы кәсіподақ қозғалысы еңбекшілердің жұмыс орындарына, лайықты жалақыға, қауіпсіз еңбек жағдайына құқығын қорғайды» дегені кәсіподақтардың азаматтық қоғамды дамытудағы маңыздылығын айғақтаса керек. Қазақстанның өзге де кәсіподақ қозғалысы секілді біздің қоғамдық бірлестік те бірінші кезекте еңбек адамына деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан, қазақстандық кәсіподақтардың мақсаты да, мүддесі де бір деуге негіз бар.

Жезқазған аймақтық филиалына келгелі көптеген жаңалықтардың куәсі болдым. Соның бірі – кәсіподақтардың алғаш рет күш біріктіруі. Осы жылдың наурыз айында ҚР Кәсіподақтар Федерациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмысшылардың республикалық бірлестіктері арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған жаңа Бас келісімнің жобасы қоғамдық талқылауға шығарылды. Қоғамдық сараптама жүргізу үшін жоба барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдары мен жергілікті кәсіподақтарға жіберілді. Мамырда өткен кәсіподақтар федерациясының Бас кеңесі отырысында федерациясының жаңа төрағасы сайланды. Кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақтар қозғалысы ардагерлерінен түскен өтініштер негізінде федерацияның төрағалығына бүгінге дейін ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарып келген Сатыбалды Дәулеталин ұсынылды. Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты Бас кеңестің күнтәртібін қарау онлайн режимде өтті. Сонымен қатар, 27 мамырда мемлекеттік қызметкерлердің салалық кәсіподағының онлайн түрде өткен XI съезд жұмысына қатыстық. Съезде соңғы бес жылдың нәтижелері шығарылып, салалық кәсіподақтың дамуын көздеген жоспарларымызды белгіледік.

►►*4-бетте*

## Құрметті ішкі істер органдарының қызметкерлері! Ардақты ардагерлер!

*Ішкі істер органдары –қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік биліктің маңызды құрылымдарының бірі. Сақшылардың кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелге бел бууымен ерекше құнды. Қазақстан дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап оның тыныштығын қорғауға берік ден қойылып келеді. Осынау қырағы мамандықты таңдаған жастар да елінің алдындағы борышын сезінетіні сөзсіз.*

*Заң бекітілген күн, яғни 23 маусым жылда Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтіледі. Жезқазған қаласы полиция басқармасы, мамандандырылған күзет қызметі басқармасы, басқа да ішкі істер органдарына қарасты қызмет ұжымдарын Қазақстан Полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Коронавирус пандемиясымен күрес кезінде біздің полиция қызметкерлері қиын жағдайда қызмет етуде. Полиция қызметкерлерінің табанды қызметінің арқасында қауіпті вирустың кең тарауына жол берілмеді. Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін, халық арасында сақтық жұмысын жүргізетін, азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын білікті мамандарыңыздың қатары көбейе берсін.*

*Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектеріне табыс, қызметтеріне сәттілік пен абырой тілейміз. Қазақстан Республикасының өркендеуі жолында табысты қызмет ете берулеріңізге тілектеспіз.*

*Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңіз аз емес, еңбектеріңіз әрқашан жемісті де табысты болғай!*

***Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ***
***Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ***

АЛТЫН ОРДА – 750

## ҰЛЫҚ ҰЛЫС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛАДЫ

**«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров, «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған аймағы бойынша әлеуметтік еңбек қатынастары бөлімінің басшысы Сабыржан Тембаев және Жезқазған тарихи-археологиялық музейі тарих және археология бөлімінің ғылыми қызметкері, тарихшы Қабдол Әуезов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуына орай ұйымдастырылып отырған іс-шаралар легімен таныстырды.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

– Алтын Орда – Жошы ұлысының мұрагері. Ал осы Алтын Орданың тарих көшінде қазақ хандығына ұласқаны тарихтан белгілі. Айта кететін басты жайт – Жошы ұлысының құтты қонысы қасиетті Ұлытау аймағы болуы. Сондықтан да, осынау алып ұлыстың көне қонысында отырған «Қазақмыс» корпорациясы аталмыш оқиғаға үн қатуды, нақты үлес қосуды – басты мақсаты санайды, – деді Төлеген Бүкіров өз сөзінде.

Шара барысында Қабдол Әуезов ел аузында айтылып жүрсе де, ғылыми түрде толық зерттелінбеген «Төрт босаға» басқару жүйесі туралы да сөз етті. Бағаналы жұртына тән бұл жүйенің Ұлытау өңірі тарихының ажырамас бір бөлшегі екендігін айтқан ол аталған жүйені зерттеуге тарихшы ғалымдар қызығушылығын ояту мақсатында бірнеше шара ұйымдастырылып жатқандығын айтты.

«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырылуымен осы жылдың қыркүйек айына жоспарланып отырған шараларға «Қазақ жеріндегі демократиялық, саяси-құқықтық мемлекеттердің қалыптасу тарихы» атты ғылыми конференция өткізу, «Ұлытауым – Ұлы Дала киесі» атты республикалық жазба ақындар мүшайрасын ұйымдастыру және «Аманат» («Төрт босаға) атты тарихи-деректі, көркем роман жазып, кітап етіп шығару жұмыстары кіреді.




Мүшайраға өлеңдер 1 тамызға дейін қабылданады. Ақындардың жасына шектеу қойылмайды. Ал, ғылыми конференция «Қазақ жері үш ұлыстың орталығы: Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстарының мемлекеттік қалыптасу тарихнамасы», «Алтын Орда, Ақ Орда және Қазақ хандығының мемлекет ретінде қалыптасу тарихы», «Ұлытау жеріндегі Бағаналы елінің «Төрт босаға» басқару жүйесі» бағыттарында өткізіледі. Ғалымдар зерттеу жұмыстарын 10 тамызға дейін өткізулері керек. Өлеңдер мен мақалалар да арнайы жинақ ретінде баспаға ұсынылатын болады. Ақын, жазушылар одағының мүшесі Батырбек Мырзабеков жазып жатқан «Аманат» («Төрт босаға») романы да аяқталуға жақын қалыпты.

Аталған шараларға корпорация тарапынан 20 млн теңге бөлінді. Бұл қаржы байқаулар жеңімпаздарына және елімізден және Түркия, Ресей, Қырғызстан мемлекеттерінен келетін қонақтардың тамағы мен жатын орындарына, көлік тасымалына жұмсалатын болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

*Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметші күнімен құттықтаймыз!*

*Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы.*

*Қаламыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда өздеріңіздің жанкешті қызметтеріңіздің жемісіне байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады.*

*Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілейміз! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!*

***Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ***
***Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С. МЕДЕБАЕВ***

SARYARQA-АҚПАРАТ

# «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ ҚАНДАЙ?

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінде «Елбасы медалі» жобасына қатысу талаптары түсіндірілді.**

– 2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы белсенді және талантты жастарды қолдау бойынша «Ел үміті» жалпыұлттық саясатын ұсынды. Бұл бастама аясында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры дарынды балаларды анықтайтын «Қабілет», «Елбасы медалі» сынды бірнеше бірегей жобаны қолға алды. «Елбасы медалі» бағдарламасына қатысу тәртібі Үкімет қаулысымен бекітіліп, Тұңғыш Президент қорының қолдауымен өтіп жатыр. Оның басты мақсаты – өскелең ұрпақты қолдау және ынталандыру, – деді Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасы басшысы Шолпан Қадырова әкімдікте өткен баспасөз мәслихатында.

«Елбасы медалі» жобасында әрбір қатысушыға өзін-өзі дамыту үшін жеті бағыт ұсынылған: «Спорт және дене шынықтыру», «Кітап оқу», «Дарын мен дағды», «Ұлттық мұра», «Еріктілік», «Туристік саяхаттар» және «Еңбек тәжірибесі». Бағдарламаны әзірлеуде үздік әлемдік тәжірибе қолданылған.

– Байқауға қатысушылар жасы 14 пен 29 жас аралығында болу – бағдарламаның негізгі шартының бірі. Ал олар қайда тұрып жатыр, білімі қандай, мамандығы не, бұл жағы маңызды емес. «Елбасы медалін» мақсатына ұмтылған әрбір қазақстандық жас буын иелене алады. Бағдарламаға қатысу үшін me.fpp.kz онлайн платформасына тіркеліп, ұсынылған «алтын», «күміс» немесе «қола» бағыттарын таңдау керек. Содан кейін өзіңізге арнайы бекітілген тәлімгердің көмегімен өз қалауыңызға сай іс-шаралар мен кестені таңдап, жеке даму бағдарламасын жасай аласыз. Мүмкіндігі шектеулі жандар да бағдарламаға қатыса алатындай кесте құруға жағдай жасалады, – деді спикер.

Оның айтуынша, бағдарлама шеңберінде еріктілердің қызметі, Мемлекет басшысының Волонтер жылының ашылуында айтқан міндеттеріне сәйкес болады.

# «NUR OTAN» ЖАҚТАСТАРЫНЫҢ ЛИГАСЫ ҚҰРЫЛДЫ

**«Nur Otan» партиясы жақтастарының лигасы құрылды. Бұл туралы елордада арнайы баспасөз мәслихатын өткізген Еуразиялық интеграция институтының директоры Ерлан Саиров айтты.**

– Демократия, пікірлердің плюрализмі елімізде қалыптасуы керек және бұл процестерге ешқандай балама жоқ. Дегенмен, осы демократияға, саяси прюализмге деген ұмтылыс еліміздің мемлекеттік іргетасын девальвацияға алып келмеуі тиіс. Шынын айту керек, біздің ең негізгі принципіміз бірінші – мемлекетіміз, екінші – мемлекеттің атрибуты ретіндегі демократиялық процестер. Міне, осы тұрғыда әлеуметтік желіде және қоғам алдында сөз айтып жүрген еліміздегі әлеуметтік процестерге үлес қосуға қабілетті, сонымен бірге экономикалық мәселелерді шешуге өз рецептін бере алатын, еліміздегі қоғамдық процестерді прогреске жеткізетін азаматтар «Nur Otan« партиясы жақтастарының лигасын құруды жөн көріп отыр, – деді ол.

Оның атап өтуінше, «Nur Otan» партиясы жақтастары лигасының ең негізгі ұстанымы центристік принцип болмақ.

– Біз – демократияны жақтаймыз. Еліміз халықтық мемлекет болуы керек деген принциптеміз. Бірақ, осы процестердің барлығы эволюциялық жолмен, бейбіт жолмен, сонымен бірге конструктивті жолмен өтуі керек. Бұл – біздің ең негізгі мақсатымыз. Осы тұрғыда лига өз жұмысын үш бағытта жүргізеді. Бірінші – әлеуметтік әділеттілік, екінші – қоғамдық-саяси трансформация, үшінші – экономикалық өрлеу. Кезек күттірмейтін мәселе ретінде «Nur Otan» партиясы жариялаған партиялық праймеризді қатаң қоғамдық бақылау тетіктерін жасауды қолға аламыз, – деді Ерлан Саиров.

Баспасөз мәслихаты барысында саясаттанушы Эдуард Полетаев «Nur Otan» партиясында праймеридің жариялануына байланысты көптеген азамат саяси процеске қатысу мүмкіндігін алып отырғандығын атап өтті. Ал ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Марат Шибұтов праймериз – бұл саяси процеске демократиялық нормаларды енгізу екендігіне назар аударты.

– Рухани құндылықтар – мемлекет дамуының маңызды факторы. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары ұсынған идеялар мен мұраттар, талаптар мен ұстанымдар өз маңыздылығын сақтап отыр және бүгінгі күні де сұранысқа ие. Сондықтан тарихи әділеттілікті қалпына келтіру қажет, – деді өз кезегінде «Ана тілі» газетінің бас редакторы Жанарбек Әшімжан.

Сонымен қатар танымал блогер Яков Федеров праймериз режиміндегі пікірталастарды қарай отырып, халық болашақ парламентшілердің шынайы жеке идеялары қаншалықты елді өркендетуге бағытталатындығын бағамдай алатынын баса айтты.

# ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ЕСЕП БЕРДІ

**Жезқазған қалалық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы карантинге байланысты онлайн режимде өтті.**

Қала әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамедин, кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов және кеңес мүшелері, мемлекеттік мекеме басшылары қатысқан отырыстың күнтәртібінде негізгі екі мәселе қарастырылды.

Оның алғашқысы – Жезқазған қаласындағы шағын және орта кәсіпкерлік жайы және оларды дамыту жолдары. Аталған мәселеге кеңінен тоқталған кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Кеңгірбай Смағұлов қала бойынша 5624 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны барын, 2020 жылдың алғашқы төрт айында ішкі сауда айналымы 12,5 млрд теңгені құрағанын айтты. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырған 13,4 пайызға жоғары екен. Нәтижесінде мысты шаһар облыстағы қалалар мен аудандардың көшін бастап тұр. Төтенше жағдай кезінде уақытша жұмысын тоқтатуға және қашықтан жұмыс істеуге жалпы саны 4000 жұмысшысы бар 425 кәсіпкерлік нысаны мәжбүр болған.

Кәсіпкерлік саласындағы өзгерістер туралы баяндамадан соң қаралған екінші мәселе қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, автокөлік жолдары және жолаушылар көлігі бөлімі, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, сондай-ақ білім бөлімдеріне азаматтардан жазбаша және ауызша түрде келіп түсетін өтініштердің қаралу тәртібі сөз болды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

# ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫСҚА – ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

**Қала белсенділерінен құралған мобильді топ өкілдері жаңадан құрылысы басталған спорттық-сауықтыру кешені құрылысының барысымен танысты. Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Советбек Медебаев пен қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов та қоғамдық бақылау тобының жанынан табылды.**



320 орынға шақталған спорттық-сауықтыру кешенінің іргетасы қалану үстінде. Құрылыс басталған бір ай ішінде бассейн орны толық қазылыпты. Сырты бетонмен қоршалып, абаттандыру жұмыстары жүргізілетін болады. Спорттық-сауықтыру кешенінде бассейнмен қатар түрлі спорттық секциялар жұмыс істейтін болады. Құрылыс жұмыстары 2022 жылдың соңына қарай толық аяқталады деп жоспарлануда.

Шалқар Жаңабергенов басшылық ететін мердігер компания – қызылордалық «Арион ltd» ЖШС, ал қарағандылық «Nomad Travel» компаниясы техникалық бақылауды жүзеге асырушы.

Нысанмен танысу кезінде мобильді топ «Неліктен спорттық-сауықтыру кешенінің осы аймаққа салынатындығы әкімдік сайтынан басқа жерлерде тұрғындарға хабардар етілмеді?», «Назарбаев мектебін қала сыртына салып, осынау ғимаратты әсем табиғат аясына, Кеңгірдің жағасына орналастыру қаншалықты дұрыс деп ойлайсыздар?», «Бұл жерден кесілген жасыл-желектерді қалай қалпына келтірмексіздер?» деген үш мәселе бойынша сауалдар жолдады.

– Спорттық-сауықтыру кешенінің осы жерде салынуы 2018 жылғы қаланың басты жоспарына сәйкес бекітілген. Екінші сұрағыңызға келер болсақ, 900 орынға шақталған мектептің Назарбаев мектебі болар-болмасы құрылыс басталғанда белгісіз еді, қазір де мәселе біржақты болды дей алмаймыз. Оның анық-қанығы құрылыс толық бітіп, арнайы комиссия мүшелері қарауынан кейін белгілі болмақ. Ал, кесілген талдар мәселесіне алаңдаушылық танытқандарыңыз дұрыс-ақ. Құрылыс толық аяқталысымен кесілген 45 талдың орнына 225 көшет отырғызылатын болады, – деген қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Маруа Келмағанбетова құрылыс барлық талаптарға сай жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Бүгінде 40-қа тарта жұмысшы тартылған құрылыс жұмысына 63-ке дейін жұмысшы тарту көзделуде.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**



# ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖАЛҒАСУДА

**Жезқазған қаласында «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясындағы жұмыстар жалғасуда. Ол жұмыстардың бір бөлігі жарықтандыру бойынша жүзеге асуда.**

Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің мәліметінше қалада жарықтандыру бойынша 14 жоба қолға алынған. Оның алтауы толық аяқталып, іске қосылған. Соның бірі Вокзал маңында орналасқан Пристанционный елді-мекенінде жүзеге асуда.

– Мұнда мердігер компания «Горэлектросеть» ЖШС барлығы 177 жарық бағаны мен шамдарын орнатып, қосуға міндеттелген. Бүгінде жұмыстың 90 пайыздан астамы аяқталды. Жақын күндері толық іске қосылады, – дейді бөлімнің маманы Әмір Әлмағанбетов.

Жоба құны 40 млн теңгені құрайды. Барлығы 10 адам жұмысқа жұмылдырылса, оның 5-еуі жұмыспен қамту орталығының жолдамасы арқылы жұмыспен қамтылған.

**Өз тілшіміз**

COVID-19

# САЛҒЫРТТЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ

**Өткен сенбіден бастап облысымызда, оның ішінде Жезқазған қаласында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында шектеу шаралары күшейтілді. Карантинді күшейтуге де сол облыс аумағында COVID-19 жұқтырғандардың өсімі 7%-дан асып кетуі болды.**

Бүгінде облысымызда бұл инфекцияны жұқтырғандар саны мың жарым адамнан асты. Ал, 7 адам бақилық болып кетті. Мамандар ауырғандар санының артуына отбасылық іс-шаралардың көптеп өткізілуі ықпал еткенін айтады.

– Адамдар өзін-өзі оқшаулау, әлеуметтік қашықтықты сақтауды және басқа да санитарлық талаптарды бұзуды жалғастыруда. ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің талаптарына сәйкес, егер өңірде аурушаңдықтың өсімі 7%-дан асса, карантин шаралары қайта жандандырылады. Біздің облыста бұл көрсеткіш – 7,3%. Сондықтан, 13 маусымнан бастап белгілі бір шектеулер қайта енгізіледі, – деді Жеңіс Махмұдұлы облыс тұрғындарына үндеуінде.

Өткен аптаның өзінде ауру белгілері байқалмаған 300-ден аса адам тіркелген. Облыс орталығын қоса алғанда бірқатар аудандар мен қалалардағы деректер көңіл көншітпейді. Сондықтан да, Жезқазған қаласы, Қарқаралы ауданы мен Шет ауданындағы Жарық кентінің қоршалуы мен блок-бекеттер қайта орнатылды.

Мемлекеттік органдар мен бюджеттік ұйым қызметкерлерінің 70%-ы қашықтан жұмыс істеу режиміне көшті. Қоғамдық көлік қызметі уақытша шектеліп, таңғы сағат 06.00-ден 10.00-ге дейін, кешке 17.00-ден 21.00-ге дейін ғана жүреді. Құқық қорғау саласы, арнайы қызметтер мен мемлекеттік медицина органдардан басқа жеке көлікпен түнде жүруге болмайды.

Сауда үйлері, сауда-ойын-сауық орталықтары, базарлардың да жұмыс уақыты шектеледі. Сауда орталықтарының жұмыс мерзімі – сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін, ал демалыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін ғана. Базарлар жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін ашық болса, демалыста санитарлық тазалық шараларын жүргізу үшін жабылады.

Жұмысы шектелгендер қатарында Халыққа қызмет көрсету орталықтары да бар. Олар тұрғындарды сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды.

Стационарлы емес қоғамдық тамақтану орындарының, яғни, саябақтарда




орналасқан дүңгіршектер, донерханалардың қызметі тоқтатылады.

Такси қызметіне де талап – қатаң. Олар енді бір мезгілде бір адамға ғана қызмет көрсетеді. Бірақ, ересек адам өзімен бірге кәмелетке толмаған екі баланы қоса алып жүруіне болады. Осы орайда, жасы 65-тен асқандардың аса қажеттілік болмаса, еркін-жүріп тұруына шектеу қойылатынын айта кету керек. 14 жасқа дейінгі балалар ересектерсіз жүріп-тұра алмайды.

Үш адамнан артық жиналу – облыстың бас санитарлық дәрігерінің қаулысы талабын сақтамау ретінде қарастырылады. Адамдардың шоғырлануына жол бермеу мақсатында облыс орталығындағы саябақтар, аулалардағы балалар алаңдары жабылады. Гүлзарлар мен алаңдарда серуендеуге тыйым салынады.

Бірлесе күш-жігер жұмсау арқылы ғана эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыра аламыз, – дейді облыстың бас санитарлық дәрігері Қанат Асқаров.

Яғни, қаулы талаптары сақталмаса, тәртіп бұзғандар заңмен жазаланады.

**«Saryarqa-ақпарат»**

# ЗАМАНАУИ ЗЕРТХАНА

**COVID-19 коронавирустық инфекциясының белең алуы Жезқазғанда полимеразды тізбекті реакция зертханасының ашылуын қажет етті.**

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының бастамасымен, «Қазақмыс» корпорациясының қаржылай қолдауымен медициналық орталықтың базасында небәрі төрт сағаттың ішінде тәулігіне 270-ке жуық тұрғыннан коронавирустық инфекцияның бар-жоғын анықтауға қауқарлы заманауи зертхана ашылды.

Медициналық орталықтың жеке блогында орналасқан ПТР зертханасы сараптамасының барлық циклын жүргізу құралдарымен толық жабдықталған. Жалпы кешенде жоғары технологиялы және биологиялық материалды алатын,сақтайтын әрі белгілейтін ПТР әдісімен зеттеу жүргізетін жоғары технологиялы құрал-жабдықтар орнатылған. Зертхананы жабдықтау халықаралық нарықта 50 жылдан астам зертханалық-диагностикалық жабдықтарын ұсынып жүрген Оңтүстік Корея елінің «YD Diagnostics» компаниясына жүктелген. Аталған компанияның бас менеджері Чон Хо Пак зертхананы іске қосып қана қоймай, сынамаларға зерттеу жүргізетін медициналық орталықтың мамандарына бір апта бойы дәріс берген.

–Шын мәнінде бұл – қауіпті вирус. Коронавирустың қашан және қайдан, қалай басталды маңызды емес. Күллі әлем елдері мен дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы күресіп жатқан пандамиядан аман қалудың жолдарын қарастыру керек. Вирусты жұқтыру оңай. Ал одан жазылып шығу өте қиын. Сондықтан, барша тұрғындарды сақтық шараларын ұмытпауға шақырамын. Оқшаулану арқылы Сіз өзіңізді де, өзіңізге жақын адамдарды да ажал құштырып жатқан дерттен қорғайсыз, - деп ашылу салтанатында сөз алған Чон Хо Пак ПТР зертханасы талдауды 95 процент дәлдікпен көрсететінін жеткізді.

Арнайы зертхана медициналық орталық базасында ашылғанына қарамастан аймақтың кез кеген тұрғыны коронавирустық инфекцияға сынама тапсыра алады. Дегенмен, қазіргі таңда жұқтыру қаупі жоғары «Қазақмыс» корпорациясына қарасты өндіріс ошақтарында вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлерге басымдық берілмек. Екінші кезекте денсаулық сақтау министрлігінің жарлығына сәйкес отбасылық денсаулық амбулаториясында тіркеуде тұрған адамдар өтеді. Отбасылық денсаулық амбулаториясындағы учаскелік дәрігер пациенттен коронавирусты тексерудің қажеттілігін анықтайды. Бұл санаттағылардың сынама зерттеулеріне қаржы аудару мемлекеттің ойнында. Ал, өз еркімен коронавирусқа тест тапсыратын адамдар 16 240 теңге төлеуі қажет.

Тест тапсырушыларға арнайы уақыт белгіленеді. Себебі, карантин талаптарына сәйкес зертханада көп адам жиналуға болмайды. Сонымен қатар, пациенттер міндетті түрде маска киіп келуі шарт.

COVID-19 коронавирустық инфекциясына сараптама мұрын немесе ауыз қуысынан жағынды алу арқылы жүзеге асырылады. Сараптама тапсыруға аш қарынға немесе тамақ ішкеннен кейін 3 сағаттан соң бару қажет. Тексеруге



дейін 3 сағаттің ішінде тісті жууға, ауыз қуысын шаюға, сусын ішуге, сағыз шайнауға тыйым салынады.

Бүгінгі таңда еліміз бойынша аурушаңдықтың өсу жағдайы тұрақсыз болып тұр. Осыған байланысты 13 маусымнан бастап Қарағанды облысында, оның ішінде Жезқазғанда кейбір шектеу шаралары қайта енгізілді. Қоғамдық көлік қозғалысы мен азық-түлік және азық-түлік емес дүкендердің жұмыс кестесі өзгерді. Осы ретте жезқазғандықтарды бейқамдыққа салынбай, «сақтықта қорлық жоқ» екенін ұмытпауға үндейміз.

**Өз тілшіміз**

21 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

# УРОЛОГИЯ ҮЗДІГІ

**Жезқазған қаласындағы көпбейінді аурухананың негізгі буындарының бірі — урология бөлімшесі. Аймақтағы ауызсу сапасының әсері болар, бүгінде бүйрек пен қуық ауруларының деңгейі айтарлықтай жоғары. Оған ер адамдардың простатит пен аденома сырқаты қосылғанда, урология мамандарының дертке шипа іздеген күнделікті қарбалас тірлігі бір бәсеңдемейді. Осы күрделі сала бөлімшесін ширек ғасырдан бері тәжірибелі дәрігер, урологияның үздік маманы Боранбай Төлегенұлы ӘБЕНОВ абыроймен басқарып келеді.**



Қасиетті Ұлытауда орта мектепті бітіріп, «алдымда толған мақсат, толған таңдау» деп, арман қуып жүрген албырт жастың ақ халатты абзал жандар мамандығын таңдауына апасы Розаның абыройлы жолының әсер еткені сөзсіз. Сол кезеңде мединститутта оқыған Роза Төлегенқызы Ұлытау ауданының ұлағатты дәрігеріне айналып, халық арасында абыроймен адал қызметін көрсетуде. Алдындағы арқа сүйер апасының жолы жұғысты болған Боранбай да Қарағанды мемлекеттік медициналық институтын 1986 жылы ойдағыдай тәмамдап, хирург ретінде Жездіге жолдамамен келген болатын. Екі жылдай еңбек етіп, тыңғылықты ісімен танылған оны облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылығы облыстық аурухананың урология бөліміне ауыстырды. Ол кезде аурухананың бас дәрігері Кенжетай Қабыкенов болса, урология бөлімшесінде Назымбек Хамзин болатын. Мамандығына құштар көңілмен ден қоя білген ынталы жас урология маманы Назымбек ағасынан көп нәрсе үйренгенін ерекше айтады. Міне, содан бергі 30 жылдан асатын уақыт ішінде осы саланың қыр-сырына кеңінен бойлап, өзі де айтарлықтай мол тәжірибе жинақтады.

Көпбейінді аурухана директорының емдеу ісі және хирургия жөніндегі орынбасары Ғабиден Аханов урология маманы Боранбай Әбеновтің біліктілігімен қатар адамгершілік абзал қасиетін де аса бағалай әңгімелейді.

— «Жақсы сөз — жарым ырыс» демекші, Боранбай қарапайым мінезі арқылы әрбір сырқаттың көңілін таба білуімен ерекшеленеді. Қолы жеңіл, емі шипалы. Тоқырап қалудан ада, біліктілігін жетілдіру жолында үнемі оқып, ізденіп жүреді, – дейді ол.

Иә, айтса айтқандай, Боранбайдың осы салада еңбек еткен әр жылдарынан үлкен ізденіс пен өсіп жетілудің ізін көруге болады. Осыдан жеті-сегіз жылдай бұрын Ресей урологтары қоғамының XII съезіне қатысып, саланың күрделі мәселелеріне қанығып қайтса, 2016 жылы Астанада өткен ТМД елдері урологтарының бірінші съезіне қатысыпты. Сондай-ақ, ол Санкт-Петербургта, Мәскеуде, Нұр-Сұлтанда, Алматыда болатын мамандық жетілдіру курстарына ықыласпен барып, біліктілігін жетілдіре білуде. Жетістік сыры да осында болса керек. Жанға дауа, дертке шипа тапқан жандардың ризашылықтары мен ыстық ықыластары соны аңғартады. Бір кездері қуық пен бүйрекке байланысты 400-ге таяу ота жасаған жылдары болыпты. Қазір медицинадағы жаңа технология мен жетілдірілген жабдықтарды қолдану арқасында бұл көрсеткіш біршама төмендей түскен. Ал, дәрігерлік жолында мыңнан аса сәтті ота жасағанын айтады басшылар. Қазірде заманның зәһары ма, экологияның зардабы ма кім білсін, ерлердің жыныстық органының дертті болуы көп кездесетін болыпты. Ол соңғы жылдары несеп жолдарына пластикалық ота жасауды тәжірибеге сәтімен енгізді. Енді лапароскопиялық ота жасау әдісімен де жете шұғылдануда. Өз ынтасымен Қарағандыға барып жүріп, сырқаттардың іш құрылысын УЗИ аппаратымен тексеруді жете меңгеріп алды. Б. Әбенов жоғары санатты уролог-дәрігер, лайықты еңбегіне орай 2018 жылы «ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағына ие болды.

«Қайсар да қажырлы, әрі табанды адам ғана өзі туралы үндемей жүре алады» деген екен бір данышпан. Сол айтқандайын, Боранбай жалпы өзі туралы сараң әңгімелейді. Ұжымы мен әріптестері төңірегінде көбірек айтқанды жөн көреді. Урологияда өзімен біраз жылдар бірге істеген Серік Сейтенов қазір Астанадағы Президенттің іс басқармасы медициналық орталығында жемісті еңбек етіп жүр екен. Өз алдынан түлетіп ұшырған шәкірті Нұржан Қайшенов «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС-де уролог көрінеді. Көп жылдар бұрынғы облыстың бас урологы болған Боранбай Әбенов қазірде Жезқазған аймағының бас урологы саналады. Көпбейінді ауруханадағы ол басқаратын бөлімше – 20 төсектік. Облыс кезінде мұнда 60 төсекке дейін сырқаттар жататын. Бүгіннің өзінде аймақтағы Қаражал, Жәйрем, Ұлытау, Қарсақбай өңірлерінен дерт меңдеген жандар осында емделеді. Ара-тұра Жаңаарқадан да арнайы іздеп келетіндер бар.

– Жылдан-жылға медицина саласының дамуына орай жабдықтар да жаңартылып, жетіле түсуде. Кейінгі уақытта бүйректегі тасты үгітіп, лазермен ота жасайтын аппарат қойылды. Енді басшыларымыз аденома, простатит сырқаттарын емдеудің тиімділігіне қол жеткізетін ТУР жабдығымен жарақтандыруды көздеп отыр, – дейді алдағы жобалары туралы ой бөліскен Боранбай Төлегенұлы.

Бөлімше меңгерушісі кәсіби мерекелері қарсаңында сырқаттардың емінің шипалы болуына шынайы үлестерін қосып жүрген көмекшілерінің есімдерін де ерекше ілтипатпен атады. Уролог дәрігер Сәбит Атабаев, медбибілер Жазира Жанділдаева, Гүлзада Оташева, Ақгүл Калиева, Жақсыгүл Әбдіхалықова, Салтанат Жалбырова, Гүлнұр Жамекеева және шаруашылық бибісі Шекер Қоңырбаева сияқты абзал жандар ортақ мақсат жолында аянбай тер төгуде. «Басшыға — қосшы» бола білу де үлкен еңбек. Оның үстіне аймақтағы бүйрегі бүріп, қуығы сырқыраған сырқаттардың көбісі Боранбай сияқты білікті мамандарға қаралғанды жөн көреді. Білікті маман басқаратын шағын ұжым дерт дауасын тауып, осындағы әр науқасты сауықтырып шығарғанша тыным көрмейді. Айыққан жандардың оларға алғысы шексіз. «Алғыспенен ер көгерер» демекші, урология саласының үздігі, абзал азамат Боранбай Әбеновті әрдайым абырой биігінен көре берейік.

**Амандық РАХҰЛЫ**
**Суретті түсірген автор**

# КІНДІК ШЕШЕ



**Ана атану оңай емес. Тар құрсақты кеңейтіп, тоғыз ай, тоғыз күн жүрегіңнің түбінде көтерген сәбиіңді аман-есен бауырыңа басу бірінші Жаратқанның жазуына, екінші ақ халаттыларға байланысты. Сондықтан, әр ана дүниеге шыр етіп туған сәбиінің кіндігін кесіп, жөргекке ораған акушердің есімі мен бейнесін мәңгі жадына сақтайды. Арысы Байқоңыр, берісі Жаңаарқадағы аналардың біразы танитын сондай акушердің бірі – жезқазғандық Алмагүл Шамұратқызы АЙБАСОВА. Еңбек өтілінің 34 жылында жүздеген нәрестенің «кіндік шешесі» атанған ол қазір «кіндік әже» мәртебесіне де ие болды. Өйткені, ол туғызған балалардың өзі бүгінде ата-ана.**

– Мен көп балалы отбасында дүниеге келдім. 11 баланың алды болған соң әкем мен шешем маған үміт артып, медициналық жолға түсуімді қалады. №8 қазақ мектебін бітірген соң, құжаттарымды алып Жезқазған медициналық училищесіне бардым. Құжат қабылдап отырған келіншек «Сені акушерлікке» жазамын деді. Мен үнсіз басымды шұлғи бердім. Ішімнен: «Акушер деген кім?» деп ойлап қоямын (күледі). Ол заманда біз қазіргі балалардай бәрін біле бермедік қой. Сөйтіп, акушер болып кеттім, – деп әңгімесін әріден бастаған біздің кейіпкер күні бүгінге дейін осы мамандықтың тізгінінен ұстағанына еш өкінген емес. Қайта қуанады.

Училищені бітірген өрімдей қыз жолдамаман Байқоңырға бет алды. Бойын үміт пен үрей қатар билеген жас маман небәрі бір-екі айдың ішінде ширап, өз ісіне әбден төселіп алады. Ауылдың ғана емес маңайдағы қыстақ пен жайлаудағы әйелдерге қызмет көрсетіп жүрді. Талай «Боранбай» мен «Жолдыгүл» - дің өмірге аман-есен келуіне септігін тигізген Алмагүл Шамұратқызы бір жылдан кейін қалалық перзентханаға ауысады. Онда білікті гинеколог Ғайнура Әбішева, Ұлдай Жұмабекова мен Серік Тілеубаевтың жанында жүрді. Білмегенін үйренді. Көзі қанықты.

Жас та болса толғағы қысқан келіншектерді бабын тауып, жылы сөзбен демеді. Біліктілігі мен ашық-жарқын мінезінің арқасында босанған аналармен апалы-сіңлідей араласып-құраласып кетті.

– Туғандарымның бәрі, еліміздің түпкір-түпкірінде. Жезқазғанда бір өзім қалдым. Дегенмен, жалғыз қалдым деп бір жабырқап көрмеппін. Перзентханада танысқан қанша әйелмен қазір сырласпыз. Бір-біріміздің қуанышымызға ортақпыз, – дейді.

Алмагүл апай 1994 жылы «Мәкенбаева» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясына жұмысқа қабылданды. Міне, содан бері табан аудармастан медициналық мекеменің қарамағындағы қыз-келіншектерге бас-көз болып жүр. Бүгінгі таңда бала туу жасындағы 3500 әйелден бөлек 200-ден астам жүкті келіншекке қарайласуда.Одан бөлек жасына қарай скринингтен өткізу, отбасын жоспарлау сынды шаруалардың басы-қасында жүретін ол отбасылық амбулаторяның жанындағы «Болашақ аналар» мектебінде жас аналарға аптасына екі рет сабақ береді. Аналарға жеке гигиенадан бастап, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеудің пайдасы жөнінде айтып, жөргек ауыстыру, баланы шомылдыру, емізу, сылап-сипауды үйретеді.

– Өкінішке қарай, кейбір аналарымыз, жас келіншектер өз денсаулықтарын күте білмейді. Үй шаруасы, бала-шаға деп өздерін әбден зорықтырады. Бір жері ауырса, сол қашан асқынғанша жүре береді. .Скринингтік тексерулердің де маңыздылығын көп жағдайда ұғына бермейді. Асқынған ауруды емдеу қиын. Қазір жас аналар арасында қан аздығы, қан қысымы, бүйрек аурулары жиі ұшырысады, – деп алаңдаушылық білдірген акушер болашақ аналар жаман әдеттерден аулақ болып, дұрыс тамақтанып, уақытылы демалып, жүйкені сақтап, көтеріңкі көңіл-күйде жүрсе ешқандай індет жоламайтынын айтады.

Жоғары санатты акушер жолдасы Дәулетпен бірге Жалғас есімді ұлды тәрбиелеп өсірді. Жалғас та ана жолын жалғап, қазір елордадағы республикалық диагностикалық орталықта анестезист қызметін абыроймен атқаруда. Айналасына қамқор, пациенттеріне жанашыр Алмагүл Айбасова әріптестері ортасында сыйлы. Көп жылғы еңбегі лайықты бағаланып, әр жылдары басшылықтың Құрмет грамоталарымен марапатталды.

«Жүкті келіншектердің жанында жүрген 34 жылдың ішінде өзіңіз үшін түйгеніңіз бар ма?» деген сұрағымызға біздің кейіпкер жымия: «Іштегі бөпенің жүрек қағысы арқылы ұл не қыз екенін анықтайтын болдық қой»,– деп жауап берді. Тартпақтап едік, қыздардың жүрегі жиі әрі әлсін қақса, ұлдардікі керісінше болатынын айтты. «Кім туса да, аман болсын» деген тілегі бар қолы шипалы, аузы дуалы Алмагүл Шамұратқызы барша әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтап, басты байлық – денсаулықты тіледі.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# МАМАНДЫҒЫН МАҚТАН ЕТЕДІ

**«Науқастарға зиян келтіру мен қиянаттан бойымды аулақ ұстай отырып, бар шама-шарқыммен оларға пайдасы тиетіндей етіп жасаймын» деген Гиппократ антына адал ақ халатты абзал жандардың бірі – хирург Тілеген ӘЛЕУХАНОВ.**



Жезқазған қалалық көпсалалы ауруханасына жұмысқа орналаса салысымен бірер жыл көлемінде «Жылдың үздік жас хирургі» атағына ие болған ол адам өміріне жауапты мамандықтың иесі атанудың асқақ абырой ғана емес, артар жүгі де тым ауыр болатынын анық түсінді. Мектепті бітіре салысымен үлкендердің сөзін жерге тастамай дәрігерлік жолды таңдаған ол Жезқазғандағы медициналық колледжді бітіріп, артынан Қарағанды медициналық академиясына оқуға құжат тапсырды. Аталған оқу орнындағы жеті жылдың Тілеген үшін берері көп болды. Қолына жоғары білім туралы диплом тиісімен Жезқазғанды бетке алды. Осылайша көп ойланбастан қазіргі көпбейінді ауруханаға жұмысқа орналасты. Алғашында науқастармен әңгімелескеннің өзіне қобалжитын жас маман ұстаздары үйреткен ілім-білім мен тәжірибенің арқасында ота үстеліне тез-ақ үйренді. Соқырішек, яғни, аппендицит болған науқасқа жасаған алғашқы отасын күле есіне жиі алатын оның Абыл Кәриев, Ғабиден Аханов сынды жолбасшы ұстаздарына алғысы шексіз.

Ауруханадағы хирургия бөлімінде бүгінде онға жуық дәрігер жұмыс істеуде. Жедел және жоспарлы түрде өтетін оталардың қай-қайсысының да оңай емесі анық. Солардың ішінде жиі кездесетіні – соқырішек, жол апатынан орын алған және іш қуысы жарақаттары. Көбіне ота процесіне бір хирург, бір мейірбике және кіші медициналық қызметкер қатысады. Міне, біздің қаламызда да хирург Тілеген Әлеуханов бастаған осындай шағын топтың арқасында қаншама адам өлім аузынан аман қалды. Науқасқа ота жасау барысында оның негізгі аспаптары – скальпель, лапароскопиялық және анестезиологиялық құрылғылар. Бұрыннан хиругтардың «жан досына» айналған «KARL STORZ» құрылғысы осыдан 1 жыл бұрын бүгінгі медицина талаптарына сай «COMEG» құрылғысымен ауыстырылды. Құрылғыға жалғанған камералы шнур арқылы науқастың іш-құрылысын анық көрсететін құрылғы хирургтар жұмысын біраз жеңілдетті. Кейіпкеріміз де сәт сайын жаңа құралдар мен технологиялар еніп жатқан осы мамандығын мақтан етеді.

– Біздің заманымыздан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын пайда болған хирургияның медицинаның басқа салаларынан үлкен айырмашылығы бар. Кезінде адам ішінде ет, қан және сүйектен басқа ештеңе жоқ деп есептелінсе, замандар легімен емшілік кәсіп жедел түрде қарқын жайды. Адамның ішкі құрылысы анықталды. Соған сай хирургия саласы да жеке ғылым ретінде қалыптасып, оның онкология, нейрохирургия, ортопедия, пластикалық хирургия, микрохирургия сынды көптеген жаңа түрлері пайда болды. Бүгінгі таңда, экологиялық себептерге және адамдардың салауатты өмір салты ұстанбайтындықтарына байланысты іш құрылысы аурулары жиі кездеседі. Оларды дәрі-дәрмек көмегімен емдеу мүмкін болмайтын жағдайлар да өте көп. Міне, сондай сәттерде науқастың хирург көмегіне жүгінуден басқа амалы қалмайды. Әрине, пышаққа түсу кім-кімге де оңай түспесі анық. Десе де, білікті хирург кез келген отаны сәтті жасап шығары анық, – дейді ол.

Тілеген Әлеухановтың жары да медицина саласының маманы. Эндокринолог маманмен бас қосқан ол бүгінде бір баланың әкесі. Кезең-кезеңімен Қарағанды, Нұр-Сұлтан қалаларында өтетін тәжірибелік семинарларға қатысып, біліктілігін жүйелі түрде арттырып жүретін хирург Тілеген Әлеухановқа аурухана басшылығы мен әріптестері зор сенім артады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# МАҚСАТЫ– ОТБАСЫ САУЛЫҒЫ

**Еміне шипа іздеген науқастардың бірінші бас сұғар мекені – отбасылық-дәрігерлік амбулатория. Жылы жүзді, мейірбан ақ халаттылардан құралған осындай орталықтың бірі – «Бексейітова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясы. Амбулаторияның қала тұрғындары арасында абырой-беделі айрықша. 1997 жылы Несібелді Бексейітованың ұйымдастыруымен құрылып, 1998 жылы жекеменшік формаға өткен ОДА мемлекеттік тапсырыс негізінде жұмыс істейді. Бүгінде 4 бөлімшесі бар «Бексейітова» ОДА-сы қаламыздағы ірі ем көрсету орталықтарының қатарында. Отбасылық амбулатория 6475 тұрғынға қызмет көрсетеді. Білікті мамандардан құралған орталықта алғашында 20 шақты дәрігер болса, қазір отыз бес маман қызмет етеді.**



Солардың арасында Несібелді Бексейітова есімін мақтанышпен атап, сенім артатын бір дәрігер бар. Ол – **Феруза ЕГІНБАЕВА.** Бала күнінен ақ халаттағы мамандық иелеріне қызығып өскен Феруза ханымның ең үлкен арманы дәрігер болып, ауруға тап болған адамдарды емдеп-жазу еді. Осынау арман жолында ол көп еңбектенді. Оқуда озат, қатарластарының алды болуға тырысты. Сөйтіп денсаулық сақтау саласына аяқ басты. 1982-1988 жылдары Қарағанды Мемлекеттік медицина институтында жалпы медицина мамандығы бойынша білім алған ол алғашқы еңбек жолын Жезқазған қаласына келіп, облыстық ауруханадан бастады. Кейіннен «Бексейітова» ОДА-на ауысты. Бүгінде орталық басшысының орынбасары қызметін абыроймен атқаруда. Биылғы жыл ол үшін табысты басталды. І санатты дәрігер атанды.



– Қандай қызметте болсын әрбір басшының оң қолы іспеттес сенім артар жанашыр адамы болады. Ол адамға 100 пайыз сенуге, кез келген істі қорықпастан тапсыруға, шынайы сырыңмен бөлісуге болады. Міне, мен үшін дәрігер Феруза Егінбаева дәл сондай адам. Ол, ең алдымен, маман ретінде емес адам ретінде өте жақсы жан. Оның жер қозғалса да қозғалмайтын сабырлылығына, қандай жағдайда да берік ұстамдылығына таң қалмау һәм риза болмау мүмкін емес. Дәрігер ретінде тәжірибесі мол әрі өте еңбекқор. Таңертең жұмыс уақыты басталмастан келетін ол кешкі сағат сегізге дейін, тіпті одан кейін де ешкіммен санаспай жұмыс істей беруге даяр. Жұмысын бәрінен биік қояды. Мен тек Феруза Егінбаеваға ғана маңызды істерді қорықпастан сеніп тапсырамын. Ол атқарған істе ағаттық пен шалалық орын алған емес. Сол себепті де мен оның барлық ісіне бірден сенемін, атқарған істеріне ешқашан күмән келтірген емеспін. Феруза менімен осы ОДА құрылғалы бірге. Сырлас сіңілімдей, адал құрбымдай болған оған менің айтар алғысым шексіз, – деген амбулатория басшысы зейнет жасына шықса да жұмыс істеп жүрген Несібелді Бексейітова Феруза ханымды өзінің орнына басшылық қызметке дайындап жатқандығын жеткізді.

Алдыңғы қатарлы сауатты мамандық қызметті ғана емес, әйелдік, аналық парызын абыроймен қатар алып келе жатқан Феруза ханым екі ұл мен бір қызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай тәрбиелеп өсірді. Міне, бүгінде үш немересіне әжелік мейірімін де төгіп отыр. ОДА-да жұмыс істеу оңай шаруа емес екендігі белгілі. Күніне кем дегенде 25, кейде 50-ге дейін науқастарды қабылдап, олардың ауру белгілерін дәл анықтап, ем-дом шараларын жүргізу – бұл Феруза ханымның күнделікті көз үйренген тірлігі. Осынау еңбегі арқасында аймақтық ақ халаттылар байқауында «Жылдың үздік жалпы медицина дәрігері» номинациясын жеңіп алған еді. Ерекше байыбы мен әсем нәзіктікке толы Феруза ханым бағындырар белестер әлі де алда екендігі ақиқат.

Аталған ОДА-да әрдайым тұрғындар алғысына бөленіп жүретін, ақ көңіл, елгезек нәзік жандылардың бірі – **Наталья МИКОЛАЙЧУК.** Қай жерде болсын мейірбикелер атқаратын жұмыс оңай емес екендігі белгілі. Науқастарды қабылдап, олардың денсаулық жағдайы мен шағымдарын базаға енгізу, бойы мен салмағын, дене қысымын өлшеу, олардан анализ алу, скринг, кардиограмма жасау, тағайындалған дәрі-дәрмектерді беріп, екпелер салу – міне, осы жұмыстардың барлығы дерлік Натальяның мойнында. Ол қазіргі Жезқазған жоғарғы медициналық колледжінің түлегі. Жұмысының қиындығына қарамастан науқастарға жан-тәнімен құлшына қызмет көрсететін оны тұрғындар әрдайым мақтап жүреді. Натальяны өзге қызметкерлерден ерекшелеп тұратын қасиеті – тез тілтабысқыштығында болса керек. Әріптестері оны құдды психолог маман сияқты деп суреттеді. Бұлары бекерден-бекер болмаса керек-ті. Себебі Наталья Миколайчук кез келген науқаспен бірден тіл табысып кетеді. «Мен олардың тек тәніне ғана ем көрсетіп қоймай, жан-дүниесінде емдеп жіберуге тырысамын» деген ол көпке үлгі осынау қасиеті жылдық тәжірибе әрбір науқасты жіте тани білудің арқасында келді дейді. Бүгінде ұл мен қыз тәрбиелеп отырған ол балалары дәрігерлік кәсіпті таңдаса қуана қолдау көрсететіндігін айтты.

«Бексейітова» ОДА жылдан жылға жас мамандармен де толығуда. Жас та болса біраз істің басы-қасынан табылатын Аяулым Ахметбек, Назерке Тілекей, Айзат Жанбаева сынды мейірбикелердің ісі кім-кімді де сүйсіндірмей қоймайды. ОДА басшысы бүкіл әлемді жаулап, біздің елімізді де тыс қалдырмаған коронавирус дертіне байланысты төтенше жағдай уақытында бір ауыз қарсы келмей, шын көңілден қиындықты бірге жеңіп, туған жерімізге көмегіміз тисе екен деген адал ниеттерімен блокбекеттерге барып, қалаға кіріп-шыққан адамдардың денсаулықтарын тексерген, қайтып келе салысымен бір мезет те дем алмай амбулатория кезекшілігіне кіріскен арулардың еңбегіне алғысын білдіріп, үлкендік батасын беретінін жеткізді. Ия, қашаннан да ақжарма тілек, ақ батаның арқасында биіктерден көрінген елдің ұрпағы екендігіміз рас. Осы тұста көп алғысын көтерген дәрігерлер жұмысына біз де сәттілік тіледік.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

# «ПАНДЕМИЯ ҚИЫНДЫҚТАРЫ ШИРАТА ТҮСТІ»

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



«Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің тоқсан жылдық тарихы бар. Бүгінгі таңда аймағымыздағы мемлекеттік қызметкерлер кәсіподағының жұмысы жаңару, жаңғыру үстінде. Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауда ҚР Парламентімен, Үкіметімен, атқарушы органдарымен, жұмыс беруші бірлестіктерімен, саяси партиялармен және басқа да қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасаудамыз. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдармен және жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестікті жолға қою, кәсіподақ қызметкерлері мен кәсіподақтар мүшелерін әлеуметтік қорғау мен өзара қолдау үшін күш-жігерді біріктіру мақсатында аймағымызда бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру, кәсіподақ ықпалын нығайту, аймақты дамытудың әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын іске асыру және мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік одағының, олардың мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытында жұмыс жасап жатырмыз. Қазіргі таңда біздің және әлеуметтік әріптестеріміздің алдында қызметкерлерді қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету міндеті тұр.

**– Мемлекеттік қызмет атқару – тұтас қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген ерекше сенім. Осы ретте сенімге селкеу түсірмей, қызметте абыройлы болу үшін мемлекеттік қызметшілерге қойылар талап қандай?**

– Шынында, мемлекеттік қызметтің артар жүгі ауыр. Мемлекеттік қызметшіге қойылар талап та қатаң, оған сыншы да көп. Сондықтан, мемлекеттік қызметке орналасу іріктеу арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметкерлер заңнаманы жетік білуімен қатар, жан-жақты болуы шарт. Этикалық ұстанымы мен ішкі мәдениетінің жоғары болуына, кәсіпке бейімділігі мен икемділігіне де аса мән беріледі. Оған қоса, қызметкердің жұмыспен қатар, тұрмыстағы жүріс-тұрысы да таразыға салынады.

Бүгінгі таңда арамызда жоғарыда аталған талаптар тезінен шыға алатын, халқына жақын мемлекеттік қызметшілердің барын жоққа шығара алмаспыз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, осы сәтті пайдалана отырып, бірқатар жезқазғандық мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ризашылығымды білдірсем. Елімізге ғана емес күллі әлемге қауіп төндірген пандемия кезіндегі біздің қызметкерлердің қазақстандықтардың мүддесі жолында бірлесе әрекет еткенін көрдік. Жұдырықтай жұмылғанына риза болыстық. Бірлігіміз сыналған тұста қалалық әкімдік пен мемлекеттік мекемелердің барлығы абыройлы қызмет етті. Осы ретте тәулік бойы індетпен күрестің тізгінін ұстап жүрген мемлекеттік қызметшілерді атап өтпесем, сын болар. Қазір бәз біреулер бұл олардың қызметі дер. Дегенмен, бірі блок-бекетте, екіншісі қала ішінде карантиндік тәртіпті күзеткен әрбір қызметкердің табандылығы мен төзімділік танытты. Мекеме басшыларының төтенше жағдай кезіндегі қиындықтарға қарамай, асқан жауапкершілікті сезіне отырып, бірде-бір жұмыскерін табыссыз қалмауына үлкен септігін тигізгенін тағы айтпасқа болмас. Олар заңды негізге алып, ұжымдық шарттың барлық талаптарын орындау арқылы кәсіподақ мүшелерінің барлық құқықтарын сақтауда орасан еңбек атқарды. Бұл қиындықтардан мемлекеттік мекемелердің қызметшілері шыңдалып, зор тәжірибе жинап шығады деп ойлаймын. Төтенше жағдай кезінде мемлекеттік қызмет саласының кәсіподақ мүшелері әрі әлеуметтік әріптестер Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Баяндыұлы бастаған әкімшілік аппарат ұжымына, бөлім басшыларына, оның ішінде қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Батырқызына, өмірлік қиын жағдайдағы тұлғаларды қайтадан әлеуметтендіру орталығының басшысы Жақып Балықбайұлына ұжымдағы қызметкерлердің әрқайсысына еңбек етуге қолайлы жағдай жасағаны және әлеуметтік әріптес ретінде бастауыш кәсіподақ ұйымы қызметкерлерінің жарғылық мақсат-міндеттерін жүзеге асыру барысындағы қызметі, кәсіподақ қозғалысының дамуына қосқан зор үлесі үшін кәсіподақ ұйымы атынан алғыс білдіреміз. Сонымен қатар, кәсіподақ жанындағы «Келешек» жастар ұйымына мүшелік ететін қалалық жастар ресурстық орталығы қызметкерлері мен мемлекеттік қызметтің жас мамандарын елемей кету мүмкін емес. Олар сүрінгенді сүйеуге, құлағанды демеуге асығып, еріктілердің қатарынан табылғанын көрдіңіздер.

**– Кәсіподақ мүшелерін ынталандыруға қаншалықты көңіл бөлінген?**

– Еңбеккерлерді ынталандыру мен көтермелеу бағытындағы қолдау шаралары жолға қойылған. Кәсіподақ мүшелерінің еңбекақы қарыздарын жою, заңсыз жұмыстан босату, орынсыз жаза қолдану, әлеуметтік қорғау жұмысын жетілдіру, басқа да өмірлік маңызы бар мәселелерді шешумен қатар бастауыш ұйымдар деңгейінде еңбекшілер және олардың отбасыларының демалысы мен сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қарастырылған. Жеңілдіктердің әлеуметтік пакеті еліміздің ем-жайларында, демалыс базаларында және жазғы сауықтыру лагерьлерінде демалу мүмкіндігін береді.

Сонымен қатар, биылдан бастап ынталандырудың жаңа түрі іске қосылмақшы. Жуырда «Транстелеком» АҚ мен «YNTYMAQ» Қазақстандық орта және шағын бизнес қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» РКБ арасында «SMART YNTYMAQ» қосымшасын дайындау туралы меморандумға қол қойылған болатын. Бүгінгі таңда әр қызметкер өз еңбекақысын банк карталары арқылы алатыны анық. Күнделікті өмірде олар өз қажеттіліктерін өтеу үшін түрлі құралдарды, қондырғыларды, сандық сервистерді қолданады. Дегенмен, кейбір кәсіпкерлердің банк кәртішкелері, интернет-банкинг немесе қолма-қол төлейтін терминалдар арқылы төлем қабылдауға мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ, әр жұмысшы тауар, қызметті алған кезде, қандай да бір жеңілдіктердің, бонустардың болғанын қалайды. Осы орайда салалық кәсіподақтардың ішінде тұңғыш рет біздің кәсіподақ «PROFCARD-100% CASHBACK» жүйесін іске қосуда. Яғни біздің сала кәсіподағының әр мүшесі электронды кәсіподақ картасының иегері атанады. Кәсіподақ мүшелері серіктес кәсіпорындарында тауар немесе қызмет сатып алу кезінде 1 теңге = 1 бонус жүйесі бойынша бонустар жинақтайды. Кәсіподақ мүшесіне серіктес кәсіпорынға бонус картасын ұсыну үшін ғаламтор желісі қосылған смартфон болса, жеткілікті. Бұл бонус жүйесінің басты тиімділігіне келер болсақ, кәсіподақ мүшесі қандай да бір нақты кәсіпорында тауар алуға ниетті болмайды. Осыған орай, ҚРКФ кәсіподақ мүшелеріне жинау мүмкіндігі беріледі, яғни кейін жиналған бонустарды қажетті тауарға немесе қызметке жұмсай алады. Бұл жүйе республика бойынша жүзеге асырылмақ. Қазіргі таңда Солтүстік Қазақстан филиалы бұл жүйені тәжірибеде қолдануда. Біз де қалыс қалмай, ұйымшылдық танытып, өткен жетіде аймағымыздағы кәсіподақ ұйымына кіретін мүшелерімізді тіркеуден өткіздік. Қолдау шаралары мұнымен тоқтап қалмасы анық. Өйткені, біздің басты мақсатымыз – қызметкерлердің мүддесі.

**– Кәсіби мереке қарсаңында мемлекеттік қызметшілерге деген ізгі тілектеріңіз болса, мархаббат!**

– Құрметті мемлекеттік қызметшілер! Қадірлі мемлекеттік қызмет саласының ардагерлері! «Қызмет» Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Жезқазған аймақтық филиалы атынан Сіздерді еліміздің мемлекеттік қызметшілерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз.

Халыққа қызмет ету – абыройы биік, жауапкершілігі зор қызмет. Мемлекеттік қызметші – халықтың сенім артқан тұлғасы. Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы, мемлекет басшысының жергілікті жердегі өкілдері. Мемлекеттік қызметші болу – құрмет. Әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға, ынтымақтастық орнатып, оны нығайтуға, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік одағының дамуына сүбелі үлес қосып, кә-сіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғауда бірлескен еңбегіміз өз нәтижесін бере берсін демекпін. Ардагерлерім, әріптестерім, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға жеміс, елімізге бақ-береке тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

**– Әңгімеңізге рахмет! Жұмысыңызға сәттілік тілейміз.**

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# СОТ КЕҢСЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ МАҢЫЗДЫ

**Жезқазған қалалық соты азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істерді қарайды. Соттың құрамына сот төрағасы, 8 судья, 1 кеңсе меңгерушісі, 10 сот отырысының хатшысы, 6 бас және 3 жетекші маман мен 2 сот приставы кіреді.**

Сот қызметі құқық үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған, ол реттеушілік емес, қорғаушылық қызмет атқарады. Сот билігі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, конституциялық құрылысты, саяси және экономикалық жүйені, азаматтардың, мемлекеттің және қоғамдық ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды.

**Кеңсе мамандары келесі міндеттерді атқарады:**

1. Сот қызметкерлері арасында жұмысты және міндеттерді бөлу және олардың өз міндеттерін орындауын бақылау;

2. Сот қызметкерлерінің орындаушылық және еңбек тәртібіне бақылауды жүзеге асыру;

3. Кіріс хат-хабарларын қабылдауды және шығыс құжаттарды ұйымдастыру;

4. Соттың материалдық құндылықтарын сақтауды қамтамасыз етуге қауіп төндіретін мән-жайлар туралы мәліметтерді Соттар әкімшісі басшысына уақытылы ұсыну.

5. Сотта іс қағаздарын жүргізу қағида талаптарының сақталуына, сот істері мен басқа да құжаттардың сақталуына және олардағы ақпараттың жария етілмеуіне жауапкершілік көтереді;

6. Жоғары тұрған соттардың істерді жіберу жөніндегі сұрауларын уақытылы орындау және істердің қайтарылуын бақылау;

7. Сот төрағасының, судьялардың, кеңсе меңгерушісінің және соттар әкімшісі басшысының, оның орынбасарының басқа да тапсырмаларын орындау;

Сот кеңсесінің сот қызметін ұтымды ұйымдастыру мен олардың қызмет сапасын арттыруда маңызы айрықша.

Дүниежүзідік тәжірибеде сот билігі арнайы қағидалар арқылы жүзеге асырылады: сот пен заң алдында бәрінің тең болуы; сот ісін жүргізудегі жариялылық; сот процесінің жарыссөзбен жүргізілуі, тараптардың дәлелдерді еркін пайдалануы; кінәсіздік презумциясы, яғни айыптау үкімі заңды күшіне енбейінше сезікті адам кінәлі болып танылмайды; айыпталушының қорғаушы алу құқығын қамтамасыз ету.

Жезқазған қалалық сотының кеңсе мамандары да осы қағидалар арқылы өз жұмысын атқарады.

**Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі**

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

**Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, жергілікті өкілді органдар тағайындайтын немесе сайланатын жағдайларды қоспағанда конкурстық негізде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе оны тоқтатқаннан кейін жаңадан кіретін азаматтарды мемлекеттік әкімшілік лауазымға тағайындау арнайы тексерудің оң нәтижелерін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.**



Мемлекеттік қызметке біліктілік талаптарына сәйкес келетін, өзінің жеке және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға қабілетті және Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толмаған ҚР азаматтары ғана қабылданады.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтар белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары мемлекеттік орган мен оның құрылымдық бөлімшелері қызметінің негізгі бағыттары, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық өкілеттіктері ескеріле отырып әзірленеді.

Мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін «Б» корпусының мемлекеттік лауазымдарына алғаш кіретін немесе жаңадан кіретін азаматтар іріктеудің төмендегідей кезеңдерінен өтеді:

1) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тестілеу;

2) уәкілетті органда қорытынды ала отырып, жеке қасиеттерін бағалау;

3) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жалпы конкурс.

Мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігі мен сапасын айқындау мақсатында олардың қызметіне бағалау жүргізіледі. Мемлекеттік қызметшілердің қызметіне бағалау жүргізу тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау нәтижелері бонустарды төлеу, көтермелеу, оқыту, ротациялау, мемлекеттік лауазымын төмендету не жұмыстан босату жөнінде шешімдер қабылдау үшін негіз болып табылады. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің қанағаттанарлықсыз бағасы уәкілетті комиссияның келісімі бойынша онымен еңбек шартын бұзуға негіз болып табылады. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі екі жыл қатарынан қанағаттанарлықсыз деген баға алатын болса, ол біліктілік талаптарына сәйкес төмен тұрған бос мемлекеттік лауазымға төмендетіледі.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттырып, қайта даярлауға да баса назар аударылады. Бекітілген кестеге сәйкес 2020 жылдың 1 жарты жылдығында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК Қарағанды облысы бойынша филиалында 18 мемлекеттік қызметші оқудан өтті.

2020 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Жезқазған қаласының жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілерінің штаттық саны 119 қызметкерді құрайды.

Облыстың мемлекеттік қызметшілерінің нақты саны – 104, оның ішінде 1-уі саяси, 103-і – «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілер және екеуі ауыл әкімдері.

Біздегі мемлекеттік қызметкерлердің орташа жасы 42 жасты құрап отыр. Мемлекеттік қызметшілері арасында әйелдердің үлесі – 73,5%. Оның ішінде 41% - ы басшылық лауазымдарды атқаруда. Мемлекеттік қызметшілердің 89% жоғары білімді. Қызметкерлердің арасында экономикалық, заң және техникалық білімі бар мамандар басым. Бүгінгі таңда «Б» корпусының бос әкімшілік лауазымына орналасуға 14 бос орын бар. Барлық бос орындар Жезқазған қаласы әкімдігінің ( jezkazgan.gov.kz) сайтында орналастырылған.

**Мырзакелді ӘЛМЕНБАЕВ,**
**Жезқазған қаласы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметінің бас маманы**

23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

# ТЫНЫШТЫҚ САҚШЫСЫ ЖАНСЕРІК

**Қоғам тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін отқа да, суға да түсуге дайын бұл мамандық иелерінің көтерген жүгі қай кезде де ауыр. Уақытпен санаспай адам өмірі мен тыныштығын көздің қарашығындай қоритын олар бүгінгінің батырлары іспеттес. Олар – тәртіп сақшылары. Қоғамдық тәртіпті күзетуші осынау мамандық иелері тарапына айтылар пікірлер әр түрлі болғанына қарамастан өз қызметтерін мүлтіксіз орындап жүрген жезқазғандық учаскелік полиция инспекторлары жұмысына айтар тұрғындар алғысы мол.**



Бүгінде Жезқазған қаласында 11 учаскелік полиция пункті болса, оның 8-і қалаішілік, қалған 3-еуі Малшыбай, Теректі Кеңгір елді-мекендеріндегі тәртіпке жауапты. 1990 жылы дүние есігін ашқан Жансерік Егеубаев қызмет ететін № 5 учаскелік полиция пункті қала бойынша ең үлкені. 2008-2012 жылдар аралығында Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде білім алған оның алғашқы мамандығы – қаржыгер. 2013 жылдан 2014 жылға дейін Қарағанды қаласындағы «Болашақ» академиясында заңгер мамандығын игерген ол біраз уақыт Жезқазған байыту фабрикасында өзін жаңа қырынан сынап көрді. Уақыт өте мамандығы бойынша еңбек етуге бел буған ол полиция инспекторының көмекшісі болып қызметке қабылданды. 2017-2019 жылдар аралығында инспектор көмекшісі болған ол 2019 жылдан бастап учаскелік полиция инспекторы қызметіне келді. Бүгінде Титов көшесінен Шевченко көшесіне дейінгі аумақ тұрғындарының қауіпсіздігі мен тыныштығына жауапты ол аптаның жеті күнінде де қызметін көзінен таса қылған емес.

– Расында, полиция қызметкерлеріне деген жалпы ел тұрғындарының көзқарасы әр түрлі. Мүмкін бірдің кесірі мыңға тиіп жатқан болар. Бірақ, қандай сөз айтылса да мен өз қызметімді барынша адал атқаруға тырысамын. Себебі, адамның сенімі бәрінен жоғары. Менің көмегіме жүгінген жандар маған соңғы үмітіндей қарап, сенім артады. Сенімге селкеу түсіру ер азамат үшін өте ұятты жағдай деп білемін. Жауапкершілігі мол осынау жұмысқа кірісу алғашында аса оңай болды дей алмаймын. Форма мен фуражка кию нағыз полиция қызметкері болып кеттің дегенді білдірмейді. Заң баптарын іс жүзінде жүзеге асыру оңай емес. Қызметке алғаш келгенімде ағамдай болып кеткен учаскелік инспектор Алмас Базылбеков тәжірибе жүзінде біраз жайтқа қанықтырды. Қызмет барысында түрлі шақыртулар болады. Дау-жанжал орын алған оқиғаларда адамдар ашуға ерік береді. Міне, сол кездерде бізде қызбалыққа салынбауымыз керек. Қос тараптың да пікіріне құлақ асып, оқиғаны жан-жақты сараптауға тырысамыз. Оларды сабырға шақырамыз. Кінәлі тұлғаны бірден ажыратуға да дағдыланамыз. Жалпы мұндай қасиеттердің барлығы уақыт өте, тәжірибе барысында қалыптасады. Алғашқы жұмысқа қабылданған күндері мен қазіргі кезеңімді салыстыруға келмес. Қазір ақыл толысып, жұмысыма сіңісе түскендеймін. Уақыт өте өз-өзіңді сабырлы ұстап, байыпты болуға дағдыланасың. Сондай-ақ, өз қызметіме деген құрметім де артты. Мен бұл істі басқа тірлікпен айырбастамас едім, – дейді ол.

Бүгінгі таңда қаламыз бойынша жиі орын алатын тәртіп бұзушылықтарға тұрмыстық дау-жанжалдар, ұрлық-қарлық, көші-қон мәселесі бойынша оқиғалар тіркеледі екен. Аталған мәселелер бойынша алдымен тергеу жүргізіліп, медициналық сараптама жасалады. Медицина қорытындысы дайын болғаннан кейін іс сотқа жөнелтіледі. Міне, осы аралықтағы шаруалардың барлығы учаскелік полиция инспекторының мойнында. Одан бөлек құқық саласының 10 бағыты бойынша әр ай сайын есеп жұмысы дайындалады. Айына 1-2 рет келетін тәуліктік кезекшілік, күнделікті көше рейді, пәтерлер мен дүкендерді бақылау – міне осылардың барлығы дерлік Жансерік Зейноллаұлының негізгі міндеті. Карантин кезінде тәртіп сақшыларының жұмысы тіптен қауырттанып кетті.

Ол – бүгінде екі баланың әкесі. «Көшеден мен көмектескен адамдар көріп қалып, алғыстарын жаударып, тіпті үйлеріне қонақ болуға шақырып жатқанда еңбегімнің еш кетпегендігіне қуанасың. Расында, бұл мамандықты босқа таңдамаппын ғой деп көңілің бір марқайып қалады. Біреуге қол ұшын созып, олардың жанарларынан ризашылық лебізін сезіну – полиция қызметкері үшін бұдан артық сый жоқ деп ойлаймын. Мен балаларым мақтан тұтар, өз ісіне адал елімінің азаматы болғым келеді» дейді ол.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан полиция қызметкерлеріне көрсетіліп жатқан көмек орасан зор. Әрбір учаске инспекторына қызметтік көлік берілді. Жалақы көлемі де артты. Ендігі олардан күтілері – өз қызметтеріне деген сүйіспеншілік пен адалдық қана.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМДЕРІ

**«Ұлы эпопеяны ой көзімен қайта бір оқып қарайықшы» деп Ырысхан Мұсаұлы «Аға сұлтан» романында жазады. Сонда Мұханның қаламынан туған Құнанбай бейнесі ұлттық әдебиетімізде бұрын-соңды болып көрмеген қыры да, сыры да сан алуан, қатпар-қатпар алып тау секілді аса күрделі тұлға екеніне көзің жетеді.**

# ҚҰНАНБАЙДЫҢ ПОРТРЕТІ



Мұхтар Әуезов 1933 жылы жарық көрген «Абайдың туысы мен өмірі» тақырыбындағы ақынның өмірбаянында Құнанбай кесек мінезді қатты адам болғанға ұқсайды деп сипатталған. Бұл күнге дейін ел есінде қалған әртүрлі сөздерге қарағанда, бұл: «Бір қалыпты, суық, тартымды, қатты мінезді кісі болған» деп суреттеледі.

Аға сұлтан, қоғам қайраткері Құнанбай қажы жайында ел жадында қалған аңыз-әңгіме аса көп… Семейдегі Абай музейінің ғылыми қызметкері болған Мүздыбай Бейсенбаев М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік шешімінің сырына үңіліп, құпиясын тапқанға ұқсайды. Тобықты елінің өз заманындағы абыройы асқақ, беделі биік Құнанбайынан әдеби кейіпкер – Құнанбай бейнесі жасалған. Ал Әрхам Ысқақов «Абайдың әкесі Құнанбай бір анадан жалғыз болып, қатыбас, қытымыр, суық пішінді, үй ішіне жылы шырай бермейтін адам екен» деп суреттеген.

Құнанбайды көрген поляк зерттеушісі Адольф Янушкевич адам оның іскерлігі мен кісілігіне қатты риза болған сыңайлы. Янушкевич пен Құнанбайдың арасында бетпе-бет кездесулер 1846 жылы маусымның алғашқы жартысынан тамыздың екінші жартысына дейін Құнанбай ауылында болған. Бұған поляк зерттеушісінің жолжазбасы мен күнделігінен бөлек, басқа да дерек пен дәйек толып жатыр.

А. Янушкевич өз күнделіктерінде: «Құнанбай би Барақ сұлтаннан бір-екі жас үлкен. Бұл – бүкіл елге әйгілі адам. Қарапайым қара халықтан шыққан Құнанбай жаратылысынан ақыл-парасат дарыған, керемет зерек, қара тілге шешен, байыпты, тыңғылықты кісі» деп өзінің байламды бағасын береді.

А.Янушкевич тағы бірде: «Жасынан ол сұлу жігіт екен, қазір шешектің дағынан беті шұбар болып қалған. Бұдан бірнеше жыл бұрын қатты шешек шығып, өлім аузынан қалыпты. Құнанбай бұлбұлдай сайрап сөйлеп кеткенде, тыңдаған халайық бетінің бұдырын мүлде ұмытады», – дейді.

Академик Әлкей Марғұлан (1904-1985) «Казахское народное прикладное искусство» альбом кітабының бірінші бөлімінде «Костюм Кунанбая и его жены» фото 1854 г» деген сөз жазылған фотосурет бар. Осы сурет жайында М.Бейсенбаев Абай музейінің ғылыми қызметкері «Құнанбай қажы» атты мақаласында өз дәлелдерін айқын, ашық білдіреді. Бұл қолдан-қолға көшіп жүрген фото – 1982 жылы «Жұлдыз» журналының 4-санында академик Әлкей Марғұлан өзінің «Ақын туған орта» деген зерттеуімен бірге жарияланған «Құнанбай мен Нұрғаным фотобейнесі» деген сурет. Оған автор «Түрі жүдеу, оң жақ көзі соқыр, жанында қымыз құйып отырған жас бәйбішесі – Нұрғаным. Үйі де біртала жүдеп, ескіре бастаған, көп жері жыртылған» деп түсінік берген. Бірақ сурет қай архивтен тауып алынды, оның Құнанбай мен Нұрғаным екені қалай анықталды, ол жағы мүлде айтылмайды. Сондықтан біз бұл фотоға үлкен күдік келтіреміз. Өйткені суреттегі адамдардың киім киісі мен кейбір тұрмыстық заттарының ұсқыны Орта жүздегі арғын-тобықты елінің үлгілеріне ұқсамайды.

Екіншіден, Құнанбай істі болып, қуғын көргенде мал-мүлкінен айырылып, жоқтық тартып, кедейленіп жыртық киіз үйде отырған жоқ. Оның өзі түгілі балаларында үйір-үйір жылқы, мыңғырған қой, шалқып жатқан байлығы болған. Фотодағы киіз көрінісі де – Құнанбайдың сән-салтанатына келмейтін орта шаруаның баспанасы…

Үшіншіден, фотодағыдай емес, Нұрғаным да ірі денелі, толық адам болған. Ел-жұрты оны «Май апа» дейді екен.

Міне, осы айтылғандардың өзі-ақ бұл фотобейнеге күдікпен қарауға негіз болады. Тегінде тарихи тұлғаларға келгенде әрбір деректе аса сақтықпен қараған жөн. Аталмыш фотосурет Қазақстанның басқа бір елді мекенінде түсірілген деген болжамға көп келіңкірейді. Ол заманда елдің шығысында айыр қалпақ кию дәстүрі болмаған. Фотодағы ақ айыр қалпақ қырғыз үлгісі, ол елде кең тараған баскиім екенін соқырға таяқ ұстатқандай, айқын бағдар нұсқап тұрғандай сезіледі.

С.Қасиманов «Қазақ халқының қолөнері» кітабында «Әйел киімдерінің де әр аймақта әртүрлі үлгілер мен әр алуан атаулар бар» деп кимешектің үш түрін фотода жариялаған. Молдабек Жанболатов «Тобықты Шыңғыстау шежіресі» жинағының I томында Тобықты үлгісіндегі кимешек жаулық киген әйелдің фотосуретін көрсеткен. Осындай қазақ киім үлгілерін XIX-XX ғасырдағы түсірілген тарихи фотосуреттерден көре аласыздар.

«Құнанбай қажының көзіне найзаның ұшы тиген, содан соқыр болған» деген ел аузындағы сөздер шындыққа жанаспайды, ал шындығында көзіне ақ дақ түскен, ол қатты ауырғаннан пайда болған дегенге сенуімізге әбден болады. Абайдың әйгілі әкесі Құнанбай – өз замандастарынан оқ бойы озық тұрған ақылды да зерек, шешен адам, аға сұлтан болып ел билеп, халқының қошеметіне бөленген тарихи ірі тұлға.

Ең басты дерек фото ісі жайында болмақ. Наталья Перцева құрастырған «Первый фотограф степного края» атты мақаласында XIX ғасырдың ортасында Томск губерниясынан қоныс аударған, Соломон Лейбин-алхимик Семей (Семипалатинск) қаласында өзінің жеке фото ісін ұйымдастырған. Семей облысында алғашқы фотосуретке түсіру өнері сол кезден бастау алған. Соломон Лейбин кейіннен Верный (Алматы) қаласына қоныс аударған. Оның ісін балалары жалғастырған. Осы мәліметтерге қарағанда, Шыңғыстау өлкесінде фотосуретке түсіру кейінірек болған сыңайлы. Шамасы, 1860-1870 жылдар болса керек деп топшылаймыз.

2008 жылы баспадан шыққан Шәкәрім энциклопедиясының 504-бетінде жарияланған Құнанбай Өскенбайұлы фотосуреті мүлде басқа адамдікі. Ол кімнің фотобейнесі екені түбегейлі зерттелмеген.

Біздің ойымызша, Құнанбай қажы жасынан өнегелі мұсылман болған адам, дінді берік ұстанған кісі, сол себепті суретке түсуді жақтыртпаған болуы мүмкін…

Мұхтар Әуезов роман-эпопеясының бірінші бөлімінде ұлы Абайдың бала күніндегі әкесі Құнанбайдың бейнесін суреттеуі суретшілер үшін аса маңызды дерек болуы керек деп ойлаймыз. Бұған себеп – төмендегі суреттеу кімнің де болса назарын өзіне аударары анық жай: «Қырын отырған әкесінің үлкен, кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінеді. Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. Жалғыз өзі ұзақ сөйлеп отыр… Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішіні, тұлғасына қарап, қадалып қалады.

Тегінде ертекші, өлеңші, не басқа әңгімеші адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді. Адам пішіні әрдайым бұған бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін…

Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғары жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне, ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда басы мен беті бір өңірдей. Сонда Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя берсін, салғырттығы жоқ сергек, қатал күзетші.

Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқая отырып сөйлеген Құнанбай осы үйде әркімге қарамайды».

Міне, Мұхаң жасаған Құнанбай бейнесі осындай. Әлемдік көркемсөзде сирек кездесетін аса күрделі бейненің бірі – бұл. Құнанбай образы Қазақстанның бейнелеу өнерінде де айтарлықтай орын алмаған. Осы олқылықтардың орнын толтыру суретші-шеберлердің міндеті деп білеміз. Соңғы жылдары Құнанбай қажының бейнепішінін графикада бейнеледім. Ы.Мусиннің шығармалар жинағының бірінші кітабының 13-бетінде басылды. Сол суреттің астыңғы жағында «Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болған, қажы, мырза Құнанбай Өскенбайұлы» деген сөз жазылған. Құнанбай қажы – еңселі, ұзын бойлы адам. Құнанбайдың Күңке дейтін бәйбішесінен туған жалғыз ұлы Құдайбердінің Дәметкен (Төлебике) дейтін бәйбішесінен туған төртінші, кенже ұл – Шәкәрім. Ал Шәкәрім атамыз ұзын бойлы, келбетті де көрікті адам болған екен. Шамамен бойы 1 метр 80 см болса керек. Онда Құнекеңнің бойы қандай екенін шамалаймыз. Тегінде Құнанбайдың балалары түгелдей бойшаң екені бізге, яғни суретшілерге қиын соқпайды. Хакім Абайдың дене бітімінің ірілігі мен бойшаң болғанына көз жеткізуімізге болады.

Бейнелеу өнерінде сонау замандардан келе жатқан ереже-қағида қалыптасқан, ол адам басының биіктігі төбеден иектің астына дейінгі өлшемі тұлғасына жеті рет өлшеніп салынады, болмаса одан да асып кетеді. Сол ережеге сүйенсек, Абай атамыздың бойы да еңселі болып шығады және орта бойлы дегенге келмейді.

Жоғарыда атап кеткендей, Құнанбай атамыздың «басы мен беті бір өңірдей» деп суреттелгені шындық. Бейнелеу өнерінде алдымен графитті сурет жасалады. Бұл қағида бейненің суретін нақты зерттеп шығару графикадан, яғни суреттен басталады. Одан соң, басқа материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндіктер ашыла береді. Адам бейнесін айқын бейнелеу – графиканың да, кескіндеменің де мүсін жасау өнерінің де алғышарты әрі міндеті.

Бейнелеу өнерінде адам бейнесін сомдау немесе сурет материалдарымен көркем бейнелеп шығару – аса күрделі іс. Адамның сурет-бейнесі тек әдебиетте немесе ел аузында қалған әңгімелер негізінде жасалса, әрине ондай сурет, әйтпесе портрет деректі деп айта алмаймыз. Суретші міндеті адам бейнесін шындыққа, яғни образға мейлінше жақындату, көркем елестету. Көрермендерді Құнанбай бейнесіне еніп кетуіне мәжбүр ету, соған себеп болу. Бұл Абайтану әлеміне қосқан парыз деп ұғамыз.

**Нұрбұлан ӨТЕПБАЕВ,**
**Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі**

---

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

# «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ және ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: транзакциялық тұрғыдан зерделеу»

**Доктор Ларри Алан ДиМаттеоның бизнес факультеті студенттеріне арналған «Халықаралық бизнес құқығы және заңнамалық орта: транзакциялық тұрғыдан зерделеу» оқу құралының үшінші басылымында халықаралық деңгейде бизнес жүргізудің түрлі жолдары жан-жақты қарастырылады.**




Импорт пен экспорт, сауда-саттыққа қатысты дауды шешу, бизнес транзакцияларына қатысты күрделі мәселелер, халықаралық деңгейде бизнес жүргізудің құқықтық принциптері жүйе-жүйесімен баяндалады. Сондай-ақ, бұл еңбекте халықаралық деңгейде бизнес жүргізудің түрлі тәуекелдері (валюталық, құқықтық, қаржылық т.б.) мен стратегиялары (делдалдардың қызметін пайдалану, халықаралық банктермен бірлесе жұмыс істей білу, тікелей шетелдік инвестиция, контрсауда және халықаралық сатып алу-сату келісімшарттарын жасау т.б.) кәсіби һәм ғылыми тұрғыдан сараланып, екшеп көрсетіліп, деректер де молынан келтіріледі.

---




# «ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БАСТАУЫ»

**Философияның түп-тамырынан қазіргі күнге дейінгі төрт томдық тарихының үшінші томы «The Rise of Modern Philosophy» – «Қазіргі заман философиясының бастауы» деп аталады.**

Бұл том әлемдік ой тарихының XVI ғасырдың басынан XIX ғасырдың алғашқы жылдарына дейінгі кезеңін қамтиды. Бұл томның бастапқы үш тарауында сол кезеңнің ойшылдарына хронологиялық шолу жасалады. Қалған тарауларда олардың өзекті де нақты философиялық тақырыптарды талқылауға қосқан үлесі қарастырылады. Философия ежелгі заманда және орта ғасырларда қалыптасқан ең құнды деген құралдардың кейбірінен бас тартса да, осы үшінші томда қамтылатын кезең философтары тұрақты құндылықтарды орнықтыра түсуге қомақты үлес қосты. Олар осы том тарауларында терең талданып, айқын сипатталды.

Бұл том, ең алдымен, бакалавриаттың екінші және үшінші курстарына арналған. Оған қоса, бұл кітап философия ілімін танып-білуге талпынған қауымның қай-қайсысына да өте пайдалы.

---

# «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ»




Бұл кітап – халықаралық құқық тақырыбына арналған аса құнды оқулықтардың бірі. 10 тараудан тұратын бірінші кітапта халықаралық құқық саласындағы ұғымдарға анықтама беріліп, түрлі құқық жүйелерінің нормалары салыстырылады, өзіндік ерекшеліктері мен басты принциптері сөз болады.

Халықаралық құқықтың пайда болуы мен дамуындағы философиялық, әлеуметтік көзқарастар, халықаралық сот процестері мен трибуналдардың қызметтері нақты мысалдар арқылы баяндалады. Халықаралық шарттардың түрлері, шарт талаптары мен міндеттемелері туралы жан-жақты мәлімет қамтылған. Адам құқығын халықаралық деңгейде қорғау, жеке тұлғаның қылмыстық жауапкершілігі, мемлекеттің аумағы және теңіз құқығы тақырыбында мол мағлұмат береді.

---

# ОЗЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИС

***«БЖЗҚ» АҚ өз салымшыларына 7 миллионнан аса қызмет көрсетті***

2020 жылдың 1 мамырына Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз қызметтерінің 90% электрондық форматта орындады. Қазақстанда енгізілген төтенше жағдай мен карантинге қарамастан БЖЗҚ салымшыларына көрсетілген қызметтердің саны азаймақ түгілі 2019 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда анағұрлым көбірек болды. Мұндай жетістікке электрондық форматта қызмет көрсетудің орнықты жүйесі арқылы қол жеткізілді.

2020 жылдың алғашқы төрт айында БЖЗҚ-ның салымшылары мен алушыларына 7 миллионнан аса, дәлірек айтсақ, 7 086 954 қызмет көрсетілді. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 15,3% жоғары. 6,4 миллион қызмет электрондық форматта ұсынылды. Қазіргі уақыттағы ең танымал қызмет – жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу. Салымшылар осы қызметті 6,5 миллион реттен астам пайдаланып, ол 2019 жылғы 1 мамырдағы көрсеткіштермен салыстырғанда 26% өскен. Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме шамамен 6,3 миллион рет электрондық нұсқада алынды. Бұл Қор салымшыларының Жеке кабинет қызметінің артықшылығын сайт пен БЖЗҚ ұялы қосымшасында жоғары бағалағандарын білдіреді. Өйткені, кез келген азамат үзінді көшірмені екі-үш саусақ қимылымен-ақ алып, өзінің жинақтарын үнемі бақылауда ұстай алады.

Естеріңізге сала кетейік, Жеке кабинетте тек үзінді көшірмені ғана емес, сонымен қатар БЖЗҚ ұсынатын бірқатар қызметтерді де алуға болады. Мысалы, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, мерзімсіз 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлем жасау және (немесе) көшу туралы өтініштің мәртебесін бақылау және тағы басқалар.

Бұған қоса бір жыл бұрын БЖЗҚ-да зейнетақы шотын ашу рәсімі жеңілдетілген болатын. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, өткен жылғы қаңтардан бастап жеке тұлғаға міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу жөніндегі ЖЗШ ашу үшін БЖЗҚ-ның қызмет көрсету кеңселеріне ЖЗШ ашу туралы өтінішті ресімдеу мақсатында жүгінудің қажеті жоқ. Егер жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ЖЗШ болмаса, онда ол алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Осылайша 2020 жылдың алғашқы төрт айында 1 миллионнан астам ЖЗШ ашылды, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 12 есе артық.

Төтенше жағдай режимінің тоқтатылғанына қарамастан, Қазақстан қалаларында карантин режимінің сақталатынын атап өту керек. Осыған орай, сондай-ақ коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуына байланысты қалыптасқан жағдайды ескере отырып, БЖЗҚ бірқатар шектеу шараларын қалдырғанын және азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қор бөлімшелері кеңседе жұмыс істеу үшін филиал бөлімшеліріндегі штат санының 50% аспайтын мамандарын тарта отырып, құжаттарды байланыссыз қабылдауды жүзеге асыратынын хабарлайды.

Қордың кезекші қызметкерлері алдын ала жазылу бойынша қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шаралар мен әлеуметтік қашықтық қағидаттарын сақтай отырып, электронды форматта алуға болмайтын қызметтер бойынша құжаттарды байланыссыз қабылдауды жүзеге асырады. Онлайн режимде алуға болмайтын қызметтерге мыналар жатады:

– салымшының/алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (жерлеу);

– салымшының/алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (мұра);

– Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштерді ресімдеу (ерекше жағдайларда, Қор қызметін тұтынушының талабы бойынша);

– зейнетақы жинақтарын «БЖЗҚ» АҚ-дан сақтандыру ұйымдарына ауыстыру туралы өтініштерді ресімдеу.

**«БЗЖҚ» АҚ баспасөз қызметі**

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

# ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА БОЛГАРИЯДА ЖЕРЛЕНГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕР ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТ

| № | Т.А.Ә. | Жерленген қаласы | Жерленген жері мен ескерткішінің жағдайы | Жауынгердің жеке мәліметі (туған жылы, жері, қаза болған жылы) |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Турдакий Аяханов | Стара Загора қаласы | Қалалық әкімшілік пен «Обелиск» қоғамдық бірлестігінің бұл жерлеу туралы ақпараты жоқ | Жамбыл облысы, Қордай ауданының Нижняя Александровка селосының тумасы, қызыл әскер 20.05.1946 жылы індеттен қаза болды |
| 2. | Садвагаз Бакибаев | София қаласы | Лозенецтегі бауырластар зират, жағдайы жақсы | 1926 жылы туған Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тумасы, қызыл әскер 05.02.1946 жылы індеттен қаза болды |
| 3. | Кадыр Биджанов | Бургас облысы (іздестіру жұмыстары жалғасуда) | Қалалық әкімшілік пен «Обелиск» қоғамдық бірлестігінің бұл жерлеу туралы ақпараты жоқ | 1918 жылы туған Ақтөбе облысы, Ойыл ауданының тумасы, қызыл әскер 23.09.1944 жылы өлтірілген |
| 4. | Константин Алексеевич Гвоздев | Пазарджик қаласы | Ортақ бауырлас зираты, Гвоздевтің есімі жеке плитада жазылған | 1923 жылы туған . Семей облысы, Семей қаласының тумасы, гв. аға лейтенанты 17.06.1945 жылы өлтірілген |
| 5. | Каиржан Есенгельдин | Видин қаласы | Орыс әскери зираты (қаладан тыс)<br>Жазуы бар жеке тақта орнатылған | 1902 жылы туған Ақмола облысы, Новочеркасск ауданының тумасы, сержант 07.10.44 жылы жарақаттан қаза болды |
| 6. | Григорий Николаевич Калюжнов | Бяда қаласы. (іздестіру жұмыстары жалғасуда) | Қалалық әкімшіліктің хабарлауынша, жерленген жерді анықтау жалғастырылуда | 1914 жылы туған Оңтүстік-Қазақстан облысы, Түлкібас ауданының тумасы, қызыл әскер 06.11.1944 жылы өлтірілген |
| 7. | Михаил Филиппович Лисаков | Кула қаласы | Қалалық әкімшіліктің бұл жерлеу туралы мәліметі жоқ | 1923 жылы туған Жамбыл облысы, Қордай ауданының тумасы, кіші лейтенант 1944 жылы қаза болды |
| 8 | Федор Андреевич Моисеев | Сливен қаласы | «Хамам баир» елдімекені, саябақ<br>Кеңес Армиясының Костница ескерткіші, жағдайы жақсы | 1920 жылы туған Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласының тумасы, қатардағы жауынгер 17.01.1945 жылы қаза болды |
| 9 | Гадил Гарифович Мухтаров | Бургас қаласы | «Света Троица» храмының маңындағы «Света Троица» саябағы, жағдайы жақсы | 1906 жылы туған Семей қаласының тумасы, кіші сержант, 11.09.1944 жылы өлтірілген |
| 10 | Федор Евдокимович Сериков | Шумен қаласы | Ветрище селосындағы зират, жағдайы қанағаттарлық | 1924 жылы туған Петропавл қаласының тумасы, қатардағы жауынгер 20.09.1944 жылы өлтірілген |
| 11 | Тимофей Иванович Теплюк | Стара Загорн қаласы | « Митрополит Методий Кусев» саябағындағы совет жауынгерінің ескерткіші (қала ішінде) | 1909 жылы туған Семей облысының тумасы, қатардағы жауынгер 18.01.1945 індеттен қаза болды |
| 12 | Бердалы Колдасон | Суворово қаласы | Жағдайы қанағаттанарлық, «Обелиск» ҚБ көмегімен ретке келтірілді | 1917 жылы туған Оңтүстік-Қазақстан облысы, Савориш селосы, қызыл әскер |

**Жезқазған қаласы Қорғаныс істер жөніндегі басқармасы**

# Аудиторский отчет по проверке финансово-хозяйственной деятельности АО «Предприятие тепловодоснабжения» г.Жезказгана за 2019 год.

Аудиторской компанией ТОО «ГАЛ Аудит», государственная лицензия на занятие аудиторской деятельностью №15017281 от 23.09.2015 года выдана Мин.Фин РК, в лице аудитора Некрыловой Г.В. (квалификационное свидетельство аудитора №МФ-0000576 от 20.12.2004г.) в соответствии с договором от 24.02.2020г. №46-юр произведен аудит финансово-хозяйственной деятельности АО «ПТВС» г. Жезказгана за 2019 год.

По заключению аудиторской проверки финансовая отчетность дает правдивое и достоверное представление о финансовом положение общества по состоянию на 31 декабря 2019 года, а также о его финансовых результатах и движении денежных средств за год, закончившийся на указанную дату, в соответствии с Международными стандартами финансовой отчетности (МСФО).

**И.о.Директор АО «ПТВС»: Аманбаев Б.Ж.**
**Гл. бухгалтер: Усенбекова Г.Е.**

Приложение 1
к приказу Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан от 1 июля 2019 года № 665

Приложение 2 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404

### Бухгалтерский баланс отчетный период 2019 год

**Индекс:** № 1 - Б (баланс)
**Периодичность:** годовая
**Наименование организации:** АО «Предприятие тепловодоснабжения» г.Жезказган
по состоянию на 31 декабря 2019 года

| Активы | Код строки | На конец отчетного периода | На начало отчетного периода тыс. тенге |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **I. Краткосрочные активы** | | | |
| Денежные средства и их эквиваленты | 010 | 925 966 | 450 150 |
| Краткосрочные финансовые активы, оцениваемые по амортизированной стоимости | 011 | - | - |
| Краткосрочные финансовые активы, оцениваемые по справедливой стоимости через прочий совокупный доход | 012 | - | - |
| Краткосрочные финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли или убытки | 013 | - | - |
| Краткосрочные производные финансовые инструменты | 014 | - | - |
| Прочие краткосрочные финансовые активы | 015 | - | - |
| Краткосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность | 016 | 1 807 518 | 1 243 840 |
| Краткосрочная дебиторская задолженность по аренде | 017 | - | - |
| Краткосрочные активы по договорам с покупателями | 018 | - | - |
| Текущий подоходный налог | 019 | - | 45 012 |
| Запасы | 020 | 455 222 | 437 705 |
| Биологические активы | 021 | - | - |
| Прочие краткосрочные активы | 022 | 347 572 | 251 593 |
| **Итого краткосрочных активов (сумма строк с 010 по 022)** | **100** | **3 536 278** | **2 428 300** |
| Активы (или выбывающие группы), предназначенные для продажи | 101 | - | - |
| **II. Долгосрочные активы** | | | |
| Долгосрочные финансовые активы, оцениваемые по амортизированной стоимости | 110 | - | - |
| Долгосрочные финансовые активы, оцениваемые по справедливой стоимости через прочий совокупный доход | 111 | - | - |
| Долгосрочные финансовые активы, учитываемые по справедливой стоимости через прибыли или убытки | 112 | - | - |
| Долгосрочные производные финансовые инструменты | 113 | - | - |
| Инвестиции, учитываемые по первоначальной стоимости | 114 | - | - |
| Инвестиции, учитываемые методом долевого участия | 115 | - | - |
| Прочие долгосрочные финансовые активы | 116 | - | - |
| Долгосрочная торговая и прочая дебиторская задолженность | 117 | - | - |
| Долгосрочная дебиторская задолженность по аренде | 118 | - | - |
| Долгосрочные активы по договорам с покупателями | 119 | - | - |
| Инвестиционное имущество | 120 | - | - |
| Основные средства | 121 | 9 439 187 | 8 942 584 |
| Актив в форме права пользования | 122 | - | - |
| Биологические активы | 123 | - | - |
| Разведочные и оценочные активы | 124 | - | - |
| Нематериальные активы | 125 | 238 | 292 |
| Отложенные налоговые активы | 126 | - | - |
| Прочие долгосрочные активы | 127 | 597 458 | 14 011 |
| **Итого долгосрочных активов (сумма строк с 110 по 127)** | **200** | **10 036 883** | **8 956 887** |
| **БАЛАНС (строка 100 + строка 101 + строка 200)** | | **13 573 161** | **11 385 187** |

| Обязательство и капитал | Код строки | На начало отчетного периода | На начало отчетного периода |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| **III. Краткосрочные обязательства** | | | |
| Краткосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по амортизированной стоимости | 210 | - | - |
| Краткосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по справедливой стоимости через прибыль или убыток | 211 | - | - |
| Краткосрочные производные финансовые инструменты | 212 | - | - |
| Прочие краткосрочные финансовые обязательства | 213 | - | - |
| Краткосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность | 214 | 2 612 102 | 2 603 276 |
| Краткосрочные оценочные обязательства | 215 | 2 475 | 5 250 |
| Текущие налоговые обязательства по подоходному налогу | 216 | 1 180 | - |
| Вознаграждения работникам | 217 | 74 679 | 59 250 |
| Краткосрочная задолженность по аренде | 218 | - | - |
| Краткосрочные обязательства по договорам покупателями | 219 | - | - |
| Государственные субсидии | 220 | - | - |
| Дивиденды к оплате | 221 | - | - |
| Прочие краткосрочные обязательства | 222 | 74 130 | 49 412 |
| **Итого краткосрочных обязательств (сумма строк с 210 по 222)** | **300** | **2 764 566** | **2 717 188** |
| Обязательства выбывающих групп, предназначенных для продажи | 301 | - | - |
| **IV. Долгосрочные обязательства** | | | |
| Долгосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по амортизированной стоимости | 310 | - | - |
| Долгосрочные финансовые обязательства, оцениваемые по справедливой стоимости через прибыль или убыток | 311 | - | - |
| Долгосрочные производные финансовые инструменты | 312 | - | - |
| Прочие долгосрочные финансовые обязательства | 313 | 1 500 000 | 392 814 |
| Долгосрочная торговая и прочая кредиторская задолженность | 314 | - | - |
| Долгосрочные оценочные обязательства | 315 | - | - |
| Отложенные налоговые обязательства | 316 | 1 532 881 | 1 107 697 |
| Вознаграждения работникам | 317 | - | - |
| Долгосрочная задолженность по аренде | 318 | - | - |
| Долгосрочные обязательства по договорам с покупателями | 319 | - | - |
| Государственные субсидии | 320 | - | - |
| Прочие долгосрочные обязательства | 321 | 1 869 295 | 1 926 621 |
| **Итого долгосрочных обязательств (сумма строк с 310 по 321)** | **400** | **4 902 176** | **3 427 132** |
| **V. Капитал** | | | |
| Уставный (акционерный) капитал | 410 | 903 917 | 903 917 |
| Эмиссионный доход | 411 | - | - |
| Выкупленные собственные долевые инструменты | 412 | - | - |
| Компоненты прочего совокупного дохода | 413 | 2 455 366 | 2 090 893 |
| Нераспределенная прибыль (непокрытый убыток) | 414 | 1 171 809 | 2 246 057 |
| Прочий капитал | 415 | 1 375 327 | - |
| **Итого капитал, относимый на собственников (сумма строк с 410 по 415)** | **420** | **5 906 419** | **5 240 867** |
| Доля неконтролирующих собственников | 421 | - | - |
| **Всего капитал (строка 420 + строка 421)** | **500** | **5 906 419** | **5 240 867** |
| **БАЛАНС (строка 300 + строка 301 + строка 400 + строка 500)** | | **13 573 161** | **11 385 187** |

Приложение 1 к приказу Первого заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра финансов Республики Казахстан от 1 июля 2019 года № 665

Приложение 2 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 28 июня 2017 года № 404

### Отчет о прибылях и убытках отчетный период 2019 год

**Индекс:** №2-ОПУ

**Периодичность:** годовая

**Наименование организации:** АО "Предприятие тепловодоснабжения" г.Жезказган
по состоянию на 31 декабря 2019 года

| Наименование показателей | Код строки | За отчетный период | За |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Выручка | 010 | 5 565 842 | 5 245 320 |
| Себестоимость реализованных товаров и услуг | 011 | 4 359 030 | 4 109 436 |
| **Валовая прибыль (строка 010 – строка 011)** | **012** | **1 206 812** | **1 135 884** |
| Расходы по реализации | 013 | 157 774 | 175 415 |
| Административные расходы | 014 | 301 079 | 291 757 |
| **Итого операционная прибыль (убыток) (+/- строки с 012 по 014)** | **020** | **747 959** | **668 712** |
| Финансовые доходы | 021 | - | - |
| Финансовые расходы | 022 | - | - |
| Доля организации в прибыли (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия | 023 | - | - |
| Прочие доходы | 024 | 1 024 770 | 646 135 |
| Прочие расходы | 025 | 582 108 | 584 429 |
| **Прибыль (убыток) до налогообложения (+/- строки с 020 по 025)** | **100** | **1 190 621** | **730 418** |
| Расходы (-) (доходы (+)) по подоходному налогу | 101 | (184 391) | (28 697) |
| **Прибыль (убыток) после налогообложения от продолжающейся деятельности (строка 100 + строка 101)** | **200** | **1 006 230** | **701 721** |
| Прибыль (убыток) после налогообложения от прекращенной деятельности | 201 | - | - |
| **Прибыль за год (строка 200 + строка 201) относимая на:** | **300** | **1 006 230** | **701 721** |
| собственников материнской организации | | - | - |
| долю неконтролирующих собственников | | - | - |
| **Прочий совокупный доход, всего (сумма 420 и 440):** | **400** | **165 579** | **344 888** |
| в том числе: | | - | - |
| переоценка долговых финансовых инструментов, оцениваемых по справедливой стоимости через прочий совокупный доход | 410 | - | - |
| доля в прочем совокупном доходе (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия | 411 | - | - |
| эффект изменения в ставке подоходного налога на отсроченный налог | 412 | - | - |
| хеджирование денежных потоков | 413 | - | - |
| курсовая разница по инвестициям в зарубежные организации | 414 | - | - |
| хеджирование чистых инвестиций в зарубежные операции | 415 | - | - |
| прочие компоненты прочего совокупного дохода | 416 | - | - |
| корректировка при реклассификации в составе прибыли (убытка) | 417 | - | - |
| налоговый эффект компонентов прочего совокупного дохода | 418 | - | - |
| **Итого прочий совокупный доход, подлежащий реклассификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 410 по 418)** | **420** | **-** | **-** |
| переоценка основных средств и нематериальных активов | 431 | 165 579 | 344 888 |
| доля в прочем совокупном доходе (убытке) ассоциированных организаций и совместной деятельности, учитываемых по методу долевого участия | 432 | - | - |
| актуарные прибыли (убытки) по пенсионным обязательствам | 433 | - | - |
| налоговый эффект компонентов прочего совокупного дохода | 434 | - | - |
| переоценка долевых финансовых инструментов, оцениваемых по справедливой стоимости через прочий совокупный доход | 435 | - | - |
| **Итого прочий совокупный доход не подлежащий реклассификации в доходы или расходы в последующие периоды (за вычетом налога на прибыль) (сумма строк с 431 по 435)** | **440** | **165 579** | **344 888** |
| **Общий совокупный доход (строка 300 + строка 400)** | **500** | **1 171 809** | **1 046 609** |
| Общий совокупный доход, относимый на: | | | |
| собственников материнской организации | | | |
| доля неконтролирующих собственников | | | |
| **Прибыль на акцию** | **600** | | |
| в том числе: | | | |
| Базовая прибыль на акцию: | | | |
| от продолжающейся деятельности | | | |
| от прекращенной деятельности | | | |
| **Разводненная прибыль на акцию:** | | | |
| от продолжающейся деятельности | | | |
| от прекращенной деятельности | | | |

**И.о.Директор АО ПТВС: Аманбаев Б.Ж.**
**Главный бухгалтер Усенбекова Г.Е.**

ҰБТ-2020

**Биыл коронавирус инфекциясының салдары әлем елдері экономикасына тұсау салғаны белгілі. Әсіресе, қызмет көрсету бағыты айтарлықтай зардап шекті. Сонымен қатар, пандемияның теріс әсері білім беру саласын да айналып өтпеді, оқушылар мен студенттер қашықтан оқуға мәжбүр болды. Оқу жылының төртінші тоқсаны аяқталуға жақындаған сайын Қазақстан жұртшылығын түлектер тапсыратын дәстүрлі қорытынды тестілеуді өткізу жағдайы мазалады. Себебі, біздің көршілес елдердің емтихандары мамыр айында болса, олар сынақты маусымның басына ауыстырды. Дегенмен, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Ұлттық бірыңғай тестілеу уақыты бұрын бекітілген мерзімде өтетінін жеткізді. Нақтырақ айтсақ, елімізде ҰБТ мамыр айында емес, маусым айының аяғында ұйымдастырылатыны мәлім. Енді, осы аптаның соңына қарай ел аумағында түлектер ҰБТ-ны тапсыруға кіріседі.**



# ТАЛАПТАР мен МҮМКІНДІКТЕР

### ҰБТ-2020

Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеу 20 маусым мен 5 шілде аралығында өтеді. Осы жылғы тестілеуге қатысуға рекордтық көлемде өтініштер қабылданған екен. Жалпы, Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу тәртібі бұрынғы форматта қалды.

– Биыл маусым айындағы ҰБТ-ға қатысуға рекордтық көлемде өтініштер қабылданды. Жалпы, олардың саны 131 755-ке жетіп, оның ішінде биылғы түлектерден келіп түскен өтініштердің саны 82 пайызды құрады. Яғни, бұл көрсеткішті өткен жылмен салыстырсақ өсті, – деді Ұлттық тестілеу орталығының директоры Дидар Смағұлов.

Биыл ҰБТ-ға төртінші тоқсан бағдарламасының сұрақтары енгізілген жоқ. Негізі, 11-сынып оқушылары төртінші тоқсанда өткен материалдарды қайталады. Яғни, бұдан бұрынғы тақырыптарды тағы бір шолып шықты.

Айта кетейік, биыл ҰБТ-ға қатысты ата-аналардың өтініштері ескерілді.

– Білім және ғылым министрлігіне ата-аналардың атынан тиісті өтініштер келіп түскен болатын. Соны зерттеу барысында бізге тапсырма берілген еді. Осы орайда есептеуіш құралдарға (калькулятор) рұқсат беру мәселесін қарадық. Тест тапсырушылар өзімен бірге есептеуіш құралдарды әкеле алмайды. Бірақ, біз аудиторияларда әр орынға калькуляторды орналастырамыз, – деді Д. Смағұлов.

Сонымен қатар тестілеу уақыты да біршама ұзартылды. Ата-аналар мен түлектердің сұрауы бойынша тестілеу уақыты тағы 10 минутқа ұзартылды, ҰБТ – 4 сағат өтетін болды.

Карантин шараларына байланысты тағы бір ескерер жайт, ата-аналарға және түлектерді алып жүруші басқа адамдарға балаларды ҰБТ өткізу пункттерінде күтуге тыйым салынады. Ата-аналар ҰБТ өту барысын үйінде отырып, онлайн көре алады. Бұл үшін әрбір аудиториядан трансляция қамтамасыз етіледі. Тест тапсыру өтетін ғимарат аумағын құқық қорғау органдары күзетеді. Осы орайда таяуда онлайн көрсетілім сілтемелері мен ресурстар Ұлттық тестілеу орталығының сайтында әрі әлеуметтік желілерде жарияланады.

Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша, ҰБТ-дан кейін білім грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін немесе ақылы негізде білім алу бағытында ұлттық жоғары оқу орындарына кемінде 65 балл, ал басқа жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім ұйымдарына кемінде 50 балл жинау керек.

Мұнымен қоса, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім салалары бойынша кемінде 60 балл, «Педагогика ғылымдары» саласы бойынша кемінде 70 балл болуы тиіс. Ал «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» саласына кем дегенде 65 балл қажет.

### Карантин мен сақтық шаралары

Індеттің таралмауына тосқауыл қоюға байланысты елдің барлық өңіріндегі ҰБТ өткізу орындарында күшейтілген медициналық-санитарлық шаралар енгізіледі. Ғимаратқа кіргізу кезінде тест тапсырушылардың арасында екі метрлік арақашықтық қатаң сақталады және маска талап етіледі.

– Әр тест тапсырушы 5 бақылау кезеңінен өтетін болады. Оның ішінде сыртқы киімді дезинфекциялық ерітінділермен залалсыздандыратын арнайы дәліз арқылы өту ескерілген, – деп түсіндірді Дидар Смағұлов.

Сонымен қатар ол талапкер аяқ киімін, кейін қолын дезинфекциялайтынын жеткізді. Келесі кезеңде тест тапсырушылар термобақылаудан өтуі тиіс. Егер дене қызуы анықталған жағдайда, оған кезекші медициналық қызметкерлер бригадасы дереу көмек көрсетеді. Одан кейінгі әркеттер тек мамандардың берілген талаптарына сай орындалады.

Барлық медициналық-санитарлық кезеңдерден өткеннен кейін, тестілеу кезінде респираторлық немесе бір рет қолданылатын маскалар ұсынылады.

– Бір рет пайдаланылатын маскаларды тестілеу барысында ауыстыруға мүмкіндік қарастырылған. Түлектер сәйкестендіруден өтеді, тексеруші мен тест тапсырушылар арасындағы арақашықтық сақталады. Әр қабаттағы дәліздерде санитайзерлер орнатылады. Аудиторияда балаларды отырғызу кемінде екі метр арақашықты сақтау арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте аудитория үнемі желдетіледі, – деді Ұлттық тестілеу орталығының басшысы.

Айта кетейік, ҰБТ тапсыру үшін түлектерден ПТР-тестілеуден өткені туралы ешқандай анықтама талап етілмейді. Талапкерлер тек маска тағып келуі тиіс.

Мұнымен қоса, Дидар Смағұлов коронавирус жұқтырған түлектің ҰБТ-ны қалай тапсыратынын түсіндірді.

– Түлектер арасында коронавирусқа шалдыққан жағдайлар болуы мүмкін. Сондықтан ҰБТ өткізетін әр пунктте кезекші аудитория бар. Осы орайда қажет болғанда бұл аудиториялар ашылады. Балаларда инфекция болса, олар тестіні жалпы аудиториядан бөлек тапсырады, – деді ол.

Бұл тұрғыда орталық директоры осы шаралар өкілетті органның келісімі мен нұсқауы бойынша іске асырылатынын атап өтті. Яғни, денсаулық сақтау саласы мамандарының ұсынысы назарға алынады.

– Егер осындай ұсыныстар болса, олар үшін ҰБТ-ны бөлек өткізуге дайынбыз. Біздің мамандар арнайы киімдер киеді. Атап айтқанда, ҰБТ-ны барлығы тапсыратындай жағдай жасауға тырысамыз, – деді ол.

### Биылғы қатаң тәртіп

Ұлттық тестілеу орталығы біраздан бері ҰБТ-ға түлектердің барынша әділ қатысуын талап етіп келеді. Яғни, балалар ешбір гаджеттерсіз тек біліміне сеніп, тестілеуден әділ өткеніне не жетсін. Жақында Үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бейнежазбаны қарау кезінде талапкерлердің тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталса, онда ҰБТ нәтижесі, сонымен қатар ұсынылған білім гранты қайтарылатынын ескерткен еді.

Тестілеуге кіргізу барысында тыйым салынған затпен ұсталған түлек тестілеуге жіберілмейді және биыл ҰБТ тапсыру мүмкіндігінен айрылады.

Мысалы, бізде бұрын тыйым салынған зат аудиториядан табылған жағдайда ғана акт жасалып, оқушы тестілеуден шығарылатын болатын. Ал биылғы ҰБТ-ны өткізу қағидатына тоқталсақ, тестілеуде ғимараттағы металды іздейтін құрылғы аймағына дейін тест тапсыратын баладан тыйым салынатын зат табылған жағдайда, онда тиісті акт жасалып, түлек тестілеуге жіберілмейді. Бұл тұрғыда биыл ҰБТ тапсыру мүмкіндігінен айырылады.

Сонымен қатар аудиторияда тыйым салынған затпен ұсталған түлектің де тестілеу нәтижесі жойылып, осы жылы ҰБТ тапсыра алмайтын болады.

– Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізудің жаңашылдықтарына тоқталсақ, бақылау шаралары күшейтілді. Егер ғимаратқа кіргізу барысында тыйым салынған заттар, яғни смартфондар, жазба қағаздары және басқа да құралдар табылса, онда тест тапсырушы емтиханға жіберілмейді. Кез келген адам ҰБТ-ның өтуі барысын көре алады. Көрсетілім сілтемесі ҰБТ жақындағанда жарияланады, – деді Д.Смағұлов.

Оның сөзіне қарағанда, әр аудиторияда бейнебақылау орнатылады.

– Барлық бейнежазбаларға 25 тамызға дейін талдау жүргізіледі. ҰБТ өткізу қағидаларының бұзылуы анықталған жағдайда, яғни көшіру немесе басқа да әрекеттер байқалса, тестілеу нәтижелері жойылады. Сонымен қатар, білім беру грантын тағайындау конкурсының нәтижелері де жойылуы мүмкін, – деп түсіндірді орталық басшысы.

**Дереккөз: ҚазАқпарат**

ИГІ БАСТАМА

# ҚОЛДАУ КҮТЕДІ



**Ахмет ишан Оразай атындағы Жезқазған қалалық мешіті игі бастаманы қолға алды. Мешіт ұжымы қайырымды жандардың көмегімен әйелдерге арналған намазхананың іргетасын қалады.**

Қасиетті Рамазан айында бастау алған құрылыс қазір тоқтап тұр. Мешіттің сол жағынан қабырғасы қаланып, төбесі жабылғанмен әлі де ішкі, сыртқы әрлеу жұмыстарына қаржы тапшы.

Әйелдер қауымының құлшылық жасап, ғибадат етуіне жағдай жасауды мақсат тұтқан қалалық мешіттің ұжымы әлі де көпшіліктің қолдауына мұқтаж. «Бітір істің басына, жақсы келер қасына» демекші құрылыстың сәтті аяқталуына үлес қосамын деушілер 8747 086 3986, 880329301722 (ЖСН), 5169 4931 3098 0975 есепшотына қаржы аудара алады. Сауапты істен құр қалмайық, ағайын!

**Мешіт жамағаты**

САЛТЫҢДЫ СҮЙГЕНІҢ – ХАЛҚЫҢДЫ СҮЙГЕНІҢ

# ҚАҒИДАҒА АЙНАЛСА ЕКЕН...

Көпшілікке белгілі жайт мынау: соңғы жылдары халықтық салт-дәстүр жайлы айту, насихаттау, оны түрлі бас қосулардың тақырыбы ету бұрынғыдан кеңірек қолға алануда. Себеп не? Қайсыбір әсірединшілдер ғасырлар бойы дала жұртында қалыптасқан салт-дәстүрлерді мансұқ етіп, «бұл шариғатқа келмейді, бұл бидғат немесе ширк» деп байбаламдатып жататыны жалған емес. Ал, керісінше, дін десе кірпіше жиырылатын жандар шариғат шарттарынан бойын алшақтатып: «Бізге араб жұртының заңдарының қажеті шамалы, өзіміздің ұлттық салт-дәстүрлерімізді ұстанып жүрсек, ұтылмаймыз» деп жатады. Осы тұста қоғамда дін мен салт-дәстүр жайлы екі ұдай пікір қалыптасып, көзқарас та қақ жарылып жататыны жасырын емес.

Ислам діні – бір Аллаға сиынып, құлшылық етудің, Алла әмір еткен жолмен жүрудің жүйесі. Хакім Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деп тегін айтпаған болар. Егер осы пікірге тоқтасақ, онда шариғат заңдары мен ұлттық ұстанымымыз болып саналатын өткен, ұлттық дүниетанымымыз бен өмір сүру философиясының алтын арқауына айналып кеткен бабалар қағидасы. Ол – тұтас елдің қабылдауына сіңіп, қағидат болып қалған халықтық заң.

Ақтоғайдың Қоңырат кеңшарында тұратын Өрімбала есімді шешеміздің Балқашқа жол жүріп бара жатқан баласына шүберек дорбаға салынып, ауызын буып: «Мынаны ана ұлға ала бар. Сыбағасы», – деп тапсырып жатқанын көргенбіз. Май сіңген сары ала дорбаның ішінде – соғымнан қалған сүр ет. Бара жатқан жері – Балқаш. Ет салынған дорбаны алатын адам – немере туысқанымыз. «Ой, шешей-ау, қалаға барамыз да қайтамыз. Үй аралап жүруге уақыт бола ма? Мынандай ет олар да жоқ дейсің бе», – деген баласына Өрімбала шешеміз: «Ештеңең де кетпейді. Мәшиненмен зыр ете түсіп, апарып бер. Бұл еттен ол байып кетпейді, мен кедейленіп қалмаймын. Арадағы сый-құрмет қымбат, балам. Мен сияқты шешелерінен олар осындай сыбаға күтіп жүреді, қарағым», – деді.



салт-дәстүріміздің арасына қытай қорғанын тұрғызудың қажеті қанша?

Ислам – адам баласының дұрыс өмір сүруінің негізгі қағидалары қалыптасқан арна. Ол ойдан шығарылған дүние емес. Алланың үкімі. «Әрине, адам баласы азуда» дейтін аят («Ғалақ» сүресі) түскеннен бастап соңғы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қызметі басталды. Ал салт-дәстүріміз – сол Құран әмірлері мен Пайғамбарымыздың сүннеттерін ұстанудан шыққан тұрмыстық ережелер. Ол бірер жылдың жемісі емес, ғасырлар бойы жасалған ереже. Демек, біздің «бұл сүннет» деп орындап жатқан қарекеттерімізді исламнан үркетіндер арабқа бойұрушылық деп қабылдағаны ретсіз. Алланың бұйрығы Пайғамбар сүннеті, ұлттық салт-дәстүр деген өзектес, тамырлас болып жатқан ұстанымдар. Бұны арабтар былай істейді деген ұғыммен шатыстырып алмаған жөн сияқты.

Бата беру салт-дәстүрімізге жататыны ақиқат. Ал осы бата сөзі – «Құран анасы» деп бағаланатын «Фатиха» сүресінің атауынан шығып тұрғаны белгілі.

Ер-азаматты отағасы деп сыйлап, оған отбасы тірлігінде басымдық берген халқымыздың отбасылық-этикалық ұстанымының шығу төркініне ой жіберіп көрелікші. «Бахара сүресінің: «Дегенмен еркектер әйелдерден бір саты жоғары үстемдікке ие. Осының бәрі Алланың құдыреті, данышпандығы арқылы орындалып жатады», – деген 228-аят сөзінен шығып жатқанына кім дау айтады?

Қонақ күту, асының жақсысын, дәмдісін қонаққа беру – атамыз қазақтың байырғы салты. Осы салтты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Аллаға және ақыретке сенген адам қонаққа сый-құрмет көрсетсін», – деген хадисінің халық қабылдаған нұсқасы деп айтпауға қақымыз бар ма?

Ислам дінін қабылдаған халқымыз шариғат заңын берік ұстанып, өмір сүру дағдысын, өмірлік ұстанымын, ереже-қағидаларын осы діннің негізінде қалыптастырған болса, осы ереже салт-дәстүрге айналып жатса, ислам ережелері мен ұлттық салт-дәстүріміздің арасындағы байланысты мансұқтауымыз жөнге келер қояр ма екен?

Салт-дәстүр жоқтан пайда болған нәрсе де емес немесе біздің заманның тәртібімен жалпыхалықтық референдум өткізіп, ортақ шешіммен қабылданған ресми ұйғарым да емес. Ол – ғасырлар жемісі, уақыт сүзгісінен

Сыбаға беру – сый құрмет жасаудың, шын қуантатын сыйлық жасаудың далалық үлгісі. Салт-дәстүріміз бе? Иә. Ал осы салт үлгісінің Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Бір-біріңе сыйлық жасаңдар. Сыйлық араларыңды жақындатады, сый-құрметтеріңді арттырады», – деген мазмұндағы хадисімен өзектес емес деп кім айта алады?

Рас, мына бір жайттың мәнісін ашып алуымыз керек. Ислам шариғатын ұстану – араб жұрты не істесе соны ғана істеу, олар не кисе, қалай киінсе, соны кию, солай киіну керек деген сөз емес. Әр ұлттың шариғат талаптарынан туындайтын әдеп нормаларын өз ерекшеліктеріне қарай бейімдеп қолдануы деген болады. Ұлттық ерекшелік деген де осыдан шығатыны белгілі. Мәселен, әурет жерді сырт көзден жасырып жүру, бой тазалығын ұстау – Алладан бұйрық болып түскен әдеп нормалары. Ал әурет жерді жасырудың да әр ұлттың өзіне тән қалыптасқан әдебі бар. Қазақтың ұлттық киімдері осыған бейімделген. Қариясы қарқара, кимешек, кең пішілген көйлек, қамзол киген. Келіншектері де жасына лайық кимешек киіп, орамал тартқан, қыз баласы қос етек көйлек, ықшам қамзол, тақия, бөрік киген.

Сөз реті келіп тұрғанда айта кетейік, бойжеткен қыз шашын бір бұрым етіп өрсе, келін шашын қос бұрым етіп өрген. Отанасы болып отырған бәйбіше неше ұл, неше қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсіргенін қос қолына тағылған білезік санымен білдіріп отырса, ал үй ішіне кіріп шығып жүрген қыз баланың айттырып қойған жерінің бар-жоғын құлағындағы сырғасынан тану деген тәртіптер – ұлттық салт-дәстүріміздің белгілері. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қорыта келгенде айтарымыз, салт-дәстүр – имани өріс-өркеннің белгісі. Одан шошыну немесе дін мен салттың арасына тас қамал тұрғызу жөнсіз. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Біз екеуін де білуіміз керек, мәнісін, тағылымын тануымыз қажет. Ал озығын бүгінгі тірлігіміздің тетігіне айналдыруымыз керек. Шошайған шаш, шолақ юбка, шұбар тіл, шошынды мінез ұшпаққа жеткізбейді.

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ,**
**Қазақстан Жазушылар одағыныңмүшесі**

ТАНЫМ

# БЕЙІТТЕ ӨСКЕН АҒАШТЫ СЫНДЫРМА

Түркістанда Үйрек әулиенің қабірі бар. Ол кісі бір заманда Түркістанға ислам аша келген дін ғұламасы екен. Залымдардың қолынан шәйіт болып, қаза тауыпты. Кейін қабірінің басына ағаш өсіп шығады. Ел ол ағашты киелі деп ырымдап, қадір тұтыпты.

Бір күні Жақсыбай деген кісі жәрмеңкеден асыл тұқымды бір үйір жылқы әкеле жатады. Жолай әулиенің қабіріне жетіп ат шалдырады. Даладан отын жинауға ерініп, жайқалып тұрған әулие ағаштан бірнеше бұтақ шауып алады. Оларды отын қылып, қазан асып, шай қайнатып тамақтанады. Ауқаттанып алған соң ұйқы қысады. Қалғып кетсе, қорқынышты түс көріпті. Түсінде Үйрек ата оған қарай тас лақтырады. Жақсыбай бұғып қалады. Тас одан өтіп, жылқының үйіріне тиіпті.

Жақсыбай шошып оянады. Қараса, асыл тұқымды жылқыларын қасқыр жарып кетіпті. Ол дереу тәуба қылады. Басының амандығына шүкір етеді. Құдайдан кешірім сұрап, ақсарбас атайды.

Осы оқиғадан соң жұрт: «Бейітте өскен ағашты кеспе» деген тыйымның сыры осы екен ғой десіпті. Бейітке ағаш ексе, ағаштың әр жапырағы Құдайдан марқұмға шапағат тілейді екен.



# БИБІ БӘТИМАНЫҢ ШЫМШЫҒЫ



Ертеде Мекке шаһарында торғайды жұрттың бәрі жек көріпті. Тіпті бала-шағаға дейін тас атқылап, күн көрсетпепті. Жұрт оларды көрген жерде қуалап өлтіреді екен. Бірде аяғы жараланған бір шымшық балалардан қашып келіп, Бәтима анамыздың қойнына тығылады.

Бәтиманың құсқа жаны ашып, оны үйіне әкеледі. Жарасын таңып, жазады. Шымшық Бәтимаға бауыр басып, үйінің шатырына ұя салады. Бәтима қайда барса, жанынан бір елі қалмай еріп жүріпті. Халық оны «Бибі Бәтиманың шымшығы» деп атап кетіпті. Содан бастап жұрт торғайға тиіспейтін болыпты. «Торғайды өлтірген адам Бибі Бәтиманың наласына қалады» деген нақыл сөз бар. Ал егер құсқа жем беріп, ұя салып берсе, сол үйге Бәтиманың назары түседі екен.

**«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан**